

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ЕРЕКШЕ ОҚЫТУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІК,
ОРТАША МЕРЗІМДІК ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІК НЕГІЗДЕ
ОҚУШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
КӨРСЕТУ**

Әдістемелік ұсынымдар

**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ И ОКАЗАНИЕ
ПОДДЕРЖКИ УЧАЩИМСЯ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ
ПОТРЕБНОСТЯМИ В ШКОЛАХ НА КРАТКОСРОЧНОЙ,
СРЕДНЕСРОЧНОЙ И ДОЛГОСРОЧНОЙ ОСНОВЕ**

Методические рекомендации

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылған (2015 жылғы _____ № ____ хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии
образования им. И. Алтынсарина (протокол № ____ от ____ 2015 года)

Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік
және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау
көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық
білім академиясы, 2015. – 80 б.

Психолого-педагогическое сопровождение и оказание поддержки
учащимся с особыми образовательными потребностями в школах на
краткосрочной, среднесрочной и долгосрочной основе. Методические
рекомендации.- Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015.- 82 с.

Әдістемелік ұсынымда білім алуда ерекше қажеттіліктері бар
оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары,
ұйымдық негізі және мазмұны берілген. Қосымшада қолдау қызметінің
мамандарының құжаттарының үлгісінің жобалары ұсынылған. Ұсыным жалпы
білім беру мектептерінің басшыларына, мамандарға (логопедтерге, арнайы
педагогтерге, психологтарға, әлеуметтік педагогтарға және т.б.) және
педагогтарға арналған.

В методических рекомендациях изложены основные принципы,
организационные основы и содержание психолого-педагогического
сопровождения школьников с особыми образовательными потребностями. В
приложениях приведены примерные образцы документации специалистов
службы сопровождения. Рекомендации предназначены руководителям,
специалистам (логопедам, специальным педагогам, психологам, социальным
педагогам и др.) и педагогам общеобразовательных школ.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015

Мазмұны

Кіріспе	4
1 Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың міндеттері, қағидалары	5
2 Жалпы білім беру үдерісіне қосылған мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру	8
3 Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды педагогикалық қолдаудың түрлері мен кезеңдері, мамандардың қызметінің мазмұны	10
Қорытынды	17
Глоссарий	18
Пайдаланылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі	19
А Қосымшасы. Жергілікті нормативтік актілер	20
Б Қосымшасы. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының лауазымдық нұсқаулықтары	34
В Қосымшасы. Педагогтың психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіне сұрау салу бланкісі	68
Г Қосымшасы. Оқушыны оқу үдерісінде және оқудан тыс әрекеттерде бақылау хаттамасы	69
Д Қосымшасы. Оқушының психологиялық-педагогикалық картасы	77

Кіріспе

Білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттің басты міндеттерінің біріне әрбір балаға сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Балалардың сапалы білім алу құқықтары ҚР Конституциясымен, ҚР «Білім туралы», «Баланың құқықтары туралы» заңдармен бекітілген.

Әрбір баланы сапалы біліммен қамтамасыз ету ісінде мектептік популяцияда әлеуметтік мәдени факторлар немесе және балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерінің себебінен оқуда қандай да бір қиындықтарды сезінетін оқушылар кездесетінін де есепке алу қажет. Әсіресе оқудағы қиындықтар мүмкіндіктері шектеулі балаларда жиі кездеседі. Осыған байланысты мектептік ортада аталған санаттағы оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында арнайы білім беру жағдайларын құру өзекті мәселе болып отыр. ҚР «Білім туралы» заңында арнайы білім беру шарттарына кіретіндер: «мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың жалпы білім беру және кәсіптік білім беру оқу бағдарламаларын меңгерулері арнайы тәсілдерсіз, техникалық және басқа да құралдарсыз, тіршілік әрекет ортасынсыз, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және т.б. қызметтерсіз мүмкін емес» [1].

Арнайы жағдайларды құруда оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан, бір тұтас әрекеттерінің барасында әрбір баланың білім беру-тәрбиелеу үдерісінде өзінің мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқу мен даму үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай құрылатын балаға көмек (немесе қолдау) көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Оқудағы қиындық байқалымының анықтық деңгейіне қарай оқушыны қолдаудың түрі қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың нысаны білім беру (оқу-тәрбиелеу) үдерісі. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мәні – баланың әлеммен, қоршағандармен (ересектер, құрдастары), өзімен-өзілік қатынастың жүйесі ретіндегі оның даму жағдайы. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау әр түрлі мамандардың (психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың, әлеуметтік педагогтың) өзара тығыз әрекетін, жұмыстың командалық түрін білдіреді.

Осы әдістемелік ұсынымда жалпы білім беру үдерісіне қосылған мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың міндеттері, негізгі қағидалары, ұйымдық негіздері мен мазмұны ашып көрсетілген.

Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу барысында 2012-2015 ж.ж. Қарағанды қаласындағы №27 АБМ-інде апробациядан өткен, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары, ұйымдық негізі және мазмұны пайдаланылды.

1 Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың міндеттері, қағидалары

Психологиялық-педагогикалық қолдау мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және арнайы білім беру жүйесінде әзірленген және жүзеге асырылған технология болып табылады. Жалпы білім беру жағдайындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау арнайы білім беру ұйымдарының тәжірибелерін пайдалану негізінде құрылуға міндетті.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктері:

- психологиялық-педагогикалық қолдауға қажеттілік анықтала салысымен бірден онымен қамтамасыз ету;
- қалыпты дамыған балаларды оқытуға қатысты қолданылмайтын оқытудың арнайы құралдары мен тәсілдерін пайдалану;
- оқытудың таңдалған бағдарламасының баланың даму деңгейіне, шынайы жетістіктеріне (білім беру мониторингісі) сәйкестігін үнемі бақылау;
- балалардың психосоматикалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін кеңістіктік және мезгілдік білім беру ортасын ұйымдастыру;
- баланы қоршаған барлық ересектердің оның білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін шешуге қатысуы.

Жоғарыда аталғандарға негізделіп отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау (педагогикалық қолдау) бағытталуға тиістілер:

- баланың денсаулығын және дене күшін қолдау: бала өмірінің денсаулық-сақтау түзімін ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын сабақтарға қатыстыру;
- балалардың зерде дамуын қолдау: әрбір баланың танымдық ерекшелігін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін жағдай тудыру;
- баланы қарым-қатынас саласында қолдау: балаларға гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезіндегі әрекеттерде жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;
- баланың жанұясын қолдау: жанұялық қатынасты зерттеу, олардың үйлесімді болуына көмек көрсету.

Педагогикалық қолдау ерекше шығармашылық ахуалды құру мен балаларға жағдайды таңдауды ұсынуды білдіреді. Бұндай жағдайлар оқушылардан білімді, икемділікті ғана емес, сондай-ақ рефлексия тәжірибесін, шешімді өздігінен қабылдауды, ерік пен мінезін байқатуды талап етеді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары:

- 1) бала дамуындағы кез келген мәселені шешудің кешенді, пәнаралық тәсілдемелері.

Кәсіп аралық серіктестік баланың мектепте және жанұяда дамуының, мамандар (психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог) мен

мұғалімдердің іргелес ғылымның білімін, әдістемелерін меңгерудің бірыңғай стратегиясын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған.

2) Білім беру үдеріндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі.

Балада тұлғалық, танымдық және әлеуметтік мүмкіндікті арттыру міндетін табысты шешу үшін мектепте оқытудың барлық сатыларында жүзеге асырылатын мамандар мен педагогтардың командасының ұзақ та күрделі жұмысы қажет болады.

3) Қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру. Білім беру ұйымныңдағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша мамандардың командасының жұмысын реттемелеу үшін жергілікті нормативтік актілерді әзірлеу. Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін оқу-әдістемелік қамсыздандыру.

4) Қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау.

Мамандардың келісілген әрекеттерін бекітуге арналған мамандардың құжаттарының пакетін әзірлеу үшін олардың бағыты мен мазмұнын алдын ала анықтау.

5) Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді тарту.

Педагогикалық қолдаудың қажетті жағдайы ретінде тәртіптің толерантты мәдениеттілігін қоса отырып, жайлы және кедергісіз ортаны құру.

Құрамына ең алдымен мүмкіндіктері шектеулі балалар кіретін білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау білім берудің әрбір сатыларында төмендегі міндеттерді шеше отырып, жүзеге асырылады:

бастауыш мектеп – мектепте оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін қамтамасыз ету, оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу уәждерін дамыту, дербестік пен өзін реттеу қабілетін дамыту, «оқи білу» және қалауын қалыптастыруда қолдау, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін және әлеуеттік мүмкіндіктерін есепке ала отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту;

негізгі мектеп – оқушының негізгі мектепке көшуде қолдау, оқытудың жаңа талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және құндылықты-мағыналық өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, жеке тұлғалық мәселелері мен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде, өмірдік дағдыларын қалыптасыруда көмектесу, неврозды алдын ала емдеуде, ата-анасымен және құрдастарымен құрылымды қатынасты құрастыруда көмектесу;

орта мектеп – оқушыға бейінді бағдарлауда және кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтауда, экзистенциалдық мәселелерді (өзін-өзі тану, өмірдің мәнін іздеу, жеке бірдейлікке жету) шешуде қолдау, уақытша келешекті, мақсатты тұжырымдау қабілетін дамыту, психоәлеуметтік құзыреттілікті дамыту.

Қолдаудың бірізділігін құру барынша икемділікті және вариативтілікті, баланың дамуындағы әрбір кезеңдегі оның психофизиологиялық жас ерекшеліктерін есепке алуды білдіреді.

Оқытудың әр түрлі сатыларында қолдау қызметінің кейде бір, кейде басқа мүшелері басқаларын шетке ығыстырмай, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушының жеке тұлғалық қалыптасуының осы сатысында өзінің ерекше жауапкершілігін түсіне отырып, бірінші қатарға шығады. Сонымен оқушыны оқытудың бастапқы сатысында олардың оқудағы қиындықтарының туындау себептерін анықтауда, оқушылармен жеке және топтық сабақтарда жұмыс істей отырып, оларды жою мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беруде дефектолог пен логопедтің рөлі өте үлкен.

Негізгі мектепке көшкенде негізгі жүктеме күрделі жасөспірімдік кезеңді бастан өткізетін жасөспірімдердің жеке тұлғалық мәселелерін шешетін психологқа артылады, әлеуметтік педагогтың да шаруасы көбейе түседі. Бұл сенситивтік кезеңдегі жаста түзете дамыту жұмысының тиімділігімен қамтамасыз ететін логопед пен дефектологтың жұмыстары аяқталады.

Жеке тұлғалық мәселелер басым болатын жоғары мектепте психолог рөлінің маңыздылығы сақталады.

2 Жалпы білім беру үдерісіне қосылған мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі әрекетін ұйымдастыру

Басым бөлігін мүмкіндіктері шектеулі балалар құрайтын білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды мамандардың командасы мектептің педагогтық ұжымымен серіктестікте жүзеге асырады. Мамандар командасының жұмысын үйлестіру мақсатында мектепте жалпы білім беру мектебінің толыққанды құрылымдық бөлімі болуға міндетті психологиялық-педагогикалық қызметі қолдау (ППҚК) құрылады. Бұл үшін мектеп басшысы қызметтің құрылғаны және оның қызметінің ережелері туралы бұйрық шығарады (А қосымшасы). Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамына мектеп директоры, оқу-тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары, логопед мұғалім, педагог-психолог, дефектолог мұғалім, әлеуметтік педагог, ЕДШ нұсқаушысы және т.б. кіреді.

Жалпы білім беру мектебінің жұмыс құрылымына өзінің кәсіптік әрекетінің белгілі бір алгоритмі бар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ендіру қажеттілігі мектепті басқару жүйесіне өзгерістер енгізуді талап етеді. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысты мектеп үшін жаңа ақпараттар мен қызметтер пайда болады. Басқару кадрларына қолдау мамандары мен педагогтардың өзара әрекеттенуін реттеу; олардың қатар бағыну иерархиясын және өзара әрекеттену қағидаларын құру қажеттілігі; басқарудың әрбір деңгейінде ақпараттарды жинау және өңдеу формасын анықтау; балалар ұжымының жіктелуіне жол бермейтін жағдай тудыру; пәнаралық негізде мұғалімдер мен мамандардың кәсіптік өсуіне жағдай тудыру мәселелері жүктеледі. Директор мен директордың орынбасарының атқарымдық міндеттемелеріне өзгерістер енгізіледі. Директор оқу-тәрбиелеу үдерісін ғана емес, сондай-ақ ол психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін де біліп, басқаруға және өтіп жатқан үдеріс туралы ақпаратты жинау және өңдеу тәсілдерін де меңгеруге міндетті.

Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары балаларды қолдау үдерісін басқаруға, психологпен, дефектологпен, логопедпен және т.б. мамандармен өзара әрекеттенуге, оқушыны қолдаудың жеке бағдарламасын құруға қатысуға, балаларды сүйемелдеу жүйесін дамыту және жетілдіруге бағытталған әр түрлі шараларды, формаларды, тәсілдерді әзірлеу үшін мұғалімдер мен мамандардың уақытша ұжымын ұйымдаструға міндетті.

Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары күннің екінші жартысында сыныптан тыс және демалыс шараларын ұйымдастырған кезде әр түрлі сыныптардың (арнайы және әдеттегі) оқушыларын біріктіруге қатысты жауапкершілікті өзіне алуға міндетті. Сонымен бірге оқушылардың мүмкіндіктерінің бірдей еместігін есепке алып, балалар арасындағы бәсекелестік жағдайын жайластыруға міндетті. Оқудан тыс әрекеттерде оқуда

жоғары нәтижелерді көрсете алмайтын оқушылар үшін өздерінің қабілеттерін барынша жүзеге асыра алуға мүмкін болатындай қажетті жағдай тудырылу керек.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін мектеп қызметінің құрылымына қосу жағдайында мектептің әдеттегі басқару органдарының (педагогикалық кеңес, пән мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі) жұмысын өзгерту қажеттілігі туады. Педагогикалық кеңес құрамына мұғалімдерден басқа психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары да кіруге міндетті. Олардың педагогикалық кеңес жұмысына қатысуы оқушылардың үлгермеушіліктері мен тәртіп бұзуларының себептерін талқылауға мүмкіндік тудырады. Қолдау мамандары оқушылардың оқу нәтижелерін педагогикалық кеңес отырысында талқылай отырып, педагогтардың жұмысына қатысты ұсынымдарды тұжырымдауға, ал әдістемелік бірлестіктердің отырысында мұғалімдерді оқытудың арнайы әдіс-тәсілдерімен, оқушыға сараланған және дараланған тәсілдемені қолдануды жүзеге асыру технологиясымен таныстыруға мүмкіндіктері болады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру материалдық, кадрлық және ғылыми-практикалық жағдайлардың болуын талап етеді. Білім беру ұйымдарында мүмкіндіктері әр түрлі балалардың торлық құнды жеке бастық өзін-өзі танытуына және олардың жалпы білім беру ұйымдарындағы бағдарламаларды толық құнды меңгерулеріне мүмкіндік беретін бейімдеуіш ортаны құру қажет.

Мектепте мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқуына және дене тұрғысынан қолжетімділікке арналған қажетті техникалық жағдай құрылуға міндетті: қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар оқушыларға арналған арнайы құралдар, құрылғылар, мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту үдерісін материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жарақтандырудың ең төменгі нормативтік талаптарына сәйкес заманауи көмекші құралдар, көрнекі дидактикалық материалдар.

Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ететін дефектолог мұғалімнің, педагог-психологтың, логопед мұғалімнің және басқа да мамандардың кабинеттері түзете дамыту құралдарымен, оқыту құралдарымен (оның ішінде техникалық), арнайы оқу-әдістемелік және дидактикалық әдебиеттермен жабдықталуға міндетті.

Мүмкіндігі шектеулі білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланы оқыту мазмұнын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымының кітапханасы арнайы білім беру және түзете дамыту бағдарламаларымен, арнайы әдістемелік және оқу әдебиетімен жабдықталады.

Қолдау қызметінің жұмыс істеуі және дамуы үшін балаларды сүйемелдеу тұжырымдамасын және кәсіптік реттелген өзара әрекеттенуді қамтамасыз ететін ұймдасқан құрылымды құру қажет болады. Бұндай құрылымға мектептік психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жатады.

3 Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды педагогикалық қолдаудың түрлері мен кезеңдері, мамандар қызметінің мазмұны

Мүмкіндігі шектеулі баланың оқудағы жетістігі қолдаудың әрбір маманының онымен жүргізген жұмысының тиімділігімен ғана анықталмайды. Баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне қатысқан барлық ересектердің қызметінің үйлесімділігі; баланың мәселесін түсінудегі және оларды шешудегіынтымақтастық; практикадағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттену де өте маңызды болады.

Жалпы білім беру жағдайындағы әр түрлі бейінді мамандардың өзара әрекеттену тәсілдері қазіргі кезде әдістемелік тұрғыда толық қамтамасыз етілмеген, соған орай практикада да әлсіз жүзеге асырылады. Мамандар кей кезде бірін-бірі қайталайды, кейбір жағдайда олардың әрекеттері түзете дамыту міндеттеріне сәйкес келмейді, ал кейбір жағдайда қайшы келеді. Сол себепті жалпы білім беру жағдайындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау идеясын жүзеге асыру мамандардың жұмыс командасын ұйымдастырмай, мамандардың атқарымдары нормативтік тұрғыда бөлінбей және бекітілмей мүмкін болмайды (Б қосымшасы). Командалық тәсілдемені қалыптастырудың негізгі бір мәселесіне жалпы білім беру үдерісіндегі әр түрлі бейінді мамандардың өзара әрекеттенуінің алгоритмін әзірлеу жатады. Мамандардың осындай өзара әрекеттенуі мүмкіндігі шектеулі баланың бірыңғай даму стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыруға, оның жанұясына, сондай-ақ жалпы білім беру ұйымдарының педагогтарына көмек көрсету қызметін ұйымдастыруға бағытталуы қажет. Команда мүшелерінің өзара әрекеттену ержелері:

- команданың барлық мүшелері жағынан өзара сыйласымдылық, өзара түсіністік, адалдық, өзара көмек көрсетуге дайындықтары;
- команданың барлық мүшелерінің атқарымдарының айқын бөлінуі және олардың нақты педагогикалық міндетті шешуге қатысуының басымдылығын сақтау;
- команданың барлық мүшелерінің түзету және оқу-тәрбие үдерісіне қатысуға тең құқықтығы, өзінің және ортақ жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілігі [2].

Қолдау қызметінің негізгі бағыттары:

- мектепке келген балалардың оқуға дайындығын, қолдауға қажеттілігін анықтау мақсатында, оларды кешенді тексеру;
- дене бітімінде, зерде және эмоциялық дамуында ауытқушылықтары, оқуда және мектепке бейімделу қиындықтары бар оқушыларды дер кезінде анықтау, қажет болған жағдайда оларды кеңес алу үшін ПМПК-ке жіберу;
- ПМПК-тің тұжырымдамасы (сөйлеу тілі, зейіні, жұмысқа қабілеттілігі және басқа да психикалық атқарымдарда) бар оқушылардың танымдық әрекетінің даму деңгейі мен ерекшелігін анықтау, оқудағы табыстылықпен қамтамасыз ететін профилактикалық, түзету психологиялық-педагогикалық

және әлеуметтік шараларды анықтау үшін олардың эмоциялық ерік саласы мен жеке тұлғалық дамуын зерттеу;

- мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігі мен қажеттілігіне сайма сай жеке түзете дамыту бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру; жекеше, шағын топтық, топтық түзете дамыту жұмысын жүргізу;

- психологиялық-педагогикалық мониторингіні жүзеге асыру;

- жалпы және арнайы сынып жағдайындағы оқушыларға жекеше және сараланған тәсілімді қамтамасыз ету үшін мұғалімдерге ұсынымдарды әзірлеу;

- дене тұрғысынан, зерде және эмоциялық күш түсу мен күйзелістің алдын алу, емдік-сауықтыру шараларын ұйымдастыру;

- кеңес беруші және ағартушы әрекеттер.

Бала дамуының ерекшеліктеріне, сондай-ақ ПМПК ұсынымдарына сәйкес ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдаудың бағыттылығы, қарқыны және ұзақтығы анықталады. Жалпы білім беру мектебі оқушыға оның қажеттілігіне сәйкес қолдау түрін ұсынуға міндетті. Бұл қолдау қысқа мерзімді, орташа мерзімді немесе ұзақ мерзімді негізді болуы мүмкін.

Қысқа мерзімді қолдау оқуда шамалы және уақытша қиындықтары бар, логопедпен, психологпен түзету сабақтарының қысқа мерзімді кезеңін қажет ететін оқушыларға көрсетіледі (жарты жылға дейін). Бұл кезде оқушы әдеттегі сыныпта жалпы білім беру бағдарламасы бойынша құрдастарымен бірге оқиды және аптасына бірнеше рет оқушының дамуының жеке ерекшелігін (сөйлеу тілінің дамуындағы кемшіліктер, эмоциялық-тұлғалық жетілмеуі) дамыту немесе өтемі бойынша мамандармен өткізетін жекеше немесе топтық сабақтарға барады.

Орташа мерзімді қолдау арнайы дайындалған педагогтар мен мамандардың қарқынды қолдауын қажет ететін және дамуындағы ерекшеліктерге байланысты оқуда тұрақты қиындықтарға кездесетін оқушылар үшін ұйымдастырылады. Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) [3] қызметінің Типтік ережелеріне сәйкес жалпы білім беру мектептеріндегі бұндай оқушылар үшін білім берудің бастапқы деңгейінде арнайы сынып жағдайындағы сараланған оқыту ұйымдастырылады. Бұл жағдайда ҚР БҒМ бекіткен арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқытудың арнайы әдіс-тәсілдері, техникалық құралдар мен жабдықтар пайдаланылады. Денсаулықты сақтаудың педагогикалық түзімімен қамтамасыз етіледі: ұзартылған күнді ұйымдастырумен бірінші аусымда оқиды. Оқушылармен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен дайындалған мұғалім жұмыс жүргізеді. Мамандармен жүргізілетін жекеше түзете дамыту сабақтары күннің екінші жартысында өтеді. Түзете дамыту сабақтарының түрлері, оларды өткізудің жиілігі арнайы оқу жоспарымен анықталады. Оқыту үдерісінде оқушыларға қатысты жекеше және сараланған тәсілдеме жүзеге асырылады. Оқушыларды қолдаудың негізгі міндетіне МББС оқу бағдарламаларының мазмұнын меңгерудегі және оқудағы қиындықтардың себебін жою жатады. Оқыту үдерісінде оқушыларға ұсынылатын талаптардың олардың даму деңгейіне, әлеуетті мүмкіндіктеріне

және оқытудың өткен кезеңдеріндегі оқуда қол жеткен жетістіктеріне сәйкестігін бақылауға бағытталған педагогикалық диагностика жүзеге асырылады.

Арнайы сыныптың даму динамикасы жағымды және оқу бағдарламасын табысты меңгерген, дамуындағы артта қалушылықты жеңген және оқытудың кез-келген кезеңінде оқу әрекетінің қажетті дағдыларын меңгерген оқушыларын ПМПК шешімімен, оқушылардың өздерінің және олардың ата-анасының келісімімен әдеттегі сыныпқа көшіруге болады.

Оқушылардың даму мәселелерін бастапқы сатыда жеңу мүмкін болса, онда олардың оқуын оқытудың келесі сатыларында да арнайы сынып жағдайында жалғастыруға болады. Бұл жағдайда оқушыларды ұзақ мерзімді қолдау жүзеге асырылады.

Оқушылардың негізгі орта және жалпы орта білім алу кезеңінде пән бойынша стандартты оқу бағдарламалары ҚР МББС-ына сәйкес келетін негізгі мазмұнды сақтай отырып, оқушылардың білімді меңгеру ерекшеліктеріне сәйкес бейімделеді. Арнайы сынып жағдайындағы балалардың негізгі білім алу мерзімі 1 жылға ұзартылады. Оқыту мамандармен (психологпен, дефектологпен, логопедпен) түзете дамыту сабақтары қарастырылатын арнайы оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқушыларды бағалау оқу үдерісіндегі жүзеге асырылатын бағдарламалар аясында жүреді.

Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың барлық сыныптан тыс және оқудан тыс әрекеттері (үйірмелік, факультативтік, тәрбиелік) әдеттегі сынып оқушыларымен бірге өтеді.

Мүмкіндігі шектеулі баланы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ететін білім беру ұйымының мамандары ата-аналармен жұмысын ұйымдастырады. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі баланы оқытудағы және тәрбиелеудегі жанұяның әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Баланың жанұясымен жұмыстың негізгі міндеттері:

- ата-аналарда өзінің баласына деген сәйкес қатынасты, оны жанұяда тәрбиелеудің белсенді позициясын қалыптастыру;
- ата-аналарға баламен өзара әрекеттену тәсілдерін, жанұя жағдайында оны тәрбиелеу және оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге көмектесу;
- ата-аналарды балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмысына белсенді тарту;
- ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ақпараттандыру.

Ата-аналармен жұмыс жеке әңгімелесу және кеңес беру; ата-аналық лекторий; ашық есік күндері, семинарлар және т.б. түрінде жүргізіледі.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру үдерісіне тартылады, сабаққа және түзету сабақтарына шақырылады, түзете дамыту және білім беру үдерісінің нәтижелері туралы шынайы және толық ақпарат алады.

Арнайы сыныптарда оқыған (ақыл-ойы дамымаған балалардан басқа) негізгі орта және жалпы орта мектепті бітірушілер білім алу деңгейіне сәйкестілігі туралы куәлік алады.

Ақыл-ойы дамымаған оқушыларды мектепте оқытудың барлық кезеңі арнайы көрнекілік-дидактикалық құралдар мен оқыту тәсілдерін пайдалана отырып, ерекше оқу жоспары, бағдарламалар мен оқулықтар бойынша жүзеге асырылады. Оқуды бітірген оқушылар оқытудың берілген түріне арналып бекітілген үлгідегі (2007 жылдың 28 желтоқсанындағы ҚР Үкіметінің №1310 Қаулысы) оқу туралы куәлік алады.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқу үдерісінде қолдау бір-бірімен логикалық байланыста тұрған, бірізділік кезеңдерге сәйкес ұйымдастырылады.

Қызмет мамандарының баланы психологиялық-педагогикалық зерттеуі қолдаудың бірінші кезеңі болып табылады. ПМПК тұжырымдамасы бар оқушылар, мектепке алғашқы келген оқушылар, сондай-ақ мектепте үлгермеушілік қауіпіне байланысты мұғалімдерді алаңдататын оқушылар тексеріледі. Соңғы жағдайда мұғалімдер қолдау қызметіне мамандардың кеңесінің қажеттілігі туралы сауал жібереді. Бұндай сауал жазбаша түрде (В қосымшасы) орындалады.

Балаларды педагогикалық зерттеу диагностикалық және жекеше түрдегі арнайы тапсырмалар беріле отырып, тікелей сабақ барысында жүргізіледі. Мұғалім оқушылардың серіктестікке дайындығына, құрдастарымен және ересектермен қатынас орната білуіне, сабақ оқуға қызығушылығының болуына назар аударады. Сабақ барысында қоршаған әлем туралы білім мен түсініктерінің көлемі, санау операцияларын меңгеруі, дыбыстық-әріптік талдауы, кеңістіктік-мезгілдік түсініктерінің көлемі анықталады. Мұғалім оқушының өзінің әрекеттерін реттеу және басқару икемділігіне, тұжырымдай, пайымдай білетініне назар аударады.

Логопедиялық зерттеу логопедтің сабаққа қатысуынан және сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушыларды анықтаудан басталады. Осыдан кейін зерттеу барысында фонематикалық есту қабілеті, сөйлеу тілін түсіну, дыбысты айту жағдайы, сөздік қоры, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысының қалыптасқандығы зерттелетін тереңдетілген жеке-дара тексеру жұмысы жүргізіледі.

Психологиялық зерттеу мұғалімде алаңдатушылық сезімдерін шақырған оқушыларды тексеруден басталады. Бұл оқушының оқу материалын түсінудегі қиындықтарына, оқу материалын тез ұмытып қалатынына, алаңдаушылықтың жоғары болуына, жұмысқа қабілетінің төмен болуына, сыныптастарымен қатынастағы қиындықтарға, тәртіп бұзушылыққа және т.б. қатысты болуы мүмкін. Оқушыны арнайы ұйымдастырылған тексеруден басқа, психолог баланы сабақ әрекеті жағдайында бақылау үшін сабаққа қатысады. Бақылауды тіркеу үшін Г қосымшасында үлгі ретінде берілген дайын хаттаманы пайдалануға болады.

Сонымен бірге әрбір нақты жағдайда түзету жұмысын құру кезінде тірек етіп алуға болатындай бала дамуының жағымды жағын көру өте маңызды.

Қарастырылған кезең баланы зерттеу нәтижесі бойынша мамандардың жеке тұжырымда жасауымен аяқталады.

Оқушыны тексеруді жүргізгеннен кейін мамандар алынған нәтижелерді коллегиялды талқылайды. Бұл талқылауды қолдау мамандары қызметінің екінші кезеңі ретінде қарастыруға болады.

Осындай тексеру нәтижесін бірге талқылау оқушыны басқа мамандардың көзімен көруге ғана емес, сондай-ақ баланың мәселелері, оның даму ерекшеліктері туралы бірыңғай жан-жақты түсініктерді алуға, оқушыға оқуда табысты болуына көмектесетін педагогикалық шаралар кешенін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл коллегиялды жұмыстың қорытынды бөлігіне оқушының білім алуғағы жеке қажеттілігіне сәйкес психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің бағдарламасының мазмұнын анықтау, сондай-ақ оның дамуына қажетті түзету және дамыту бағдарламаларын анықтау жатады. Бұл жерде мамандардың бір-бірімен ары қарайғы өзара әрекеттенуін үйлестіру мен келісу талаптары талқыланады. Қажет болған жағдайда оқушымен жұмысқа әр түрлі мамандардың қосылу тәртібі анықталады.

Қолдау мамандары қызметінің пәнаралық қағидасы оқушының қажеттілігіне жалпы ұғынуды қалыптастыруды қарастырады. Бұл өз кезегінде коллегиялды талқылауды жүргізудің қажетті технолгиясын, яғни пәнаралық өзара әрекеттену технолгиясын талап етеді. Бұл жағдайда негізгі «жүктеме» оқушының мәселесін талқылауды жүргізу атқарымын өзіне алған маманға түседі. Жетекші маманның маңызды міндетіне оқушыға арнайы педагогикалық көмектің қажеттілігі туралы мамандар мен педагогтардың өзінің пікірі туралы айтылымдарының бірізділігін анықтау мен реттеу жатады. Коллегиялды талқылаудың қорытынды шешімінде мамандардың балаға қойған қандай да болмасын бірде-бір диагнозының болмауы маңызды. Талқылаудың қорытындысына педагогикалық қолдаудың мазмұнына қатысты құрылымдық ұсынымдар болуға тиісті. Сонымен бірге, жеке түзете дамыту сабағының болжалды ұзақтығы, сабақтар циклының жалпы ұзақтығы анықталуға міндетті. Арнайы педагогикалық қолдаудың мазмұны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасында бейнеленеді.

Келесі, үшінші кезеңде қолдау арнайы психологиялық-педагогикалық, баламен маманның түзете дамыту жұмысы, оқу үдерісінде оқушыға мұғалім, қосымша білім беру педагогтары мен ата-аналарының көмектесуі болып табылады.

Бұл кезеңдегі психолог қызметінің негізгі бағыттары: жайлы яғни оқушының мүмкіндігіне сәйкес оқытуды ұйымдастыруға көмек; мұғалімнің психологиялық қолдауы; баланың әлеуметтік, эмоциялық және жеке тұлғалық дамуына бағытталған жеке-дара жұмыс; жанұямен жұмыс және оның мамандармен өзара әрекеттенуін үйлестіру; оқушының сыныптастарымен жұмыс. Психолог баланың әлеуметтік мәртебесін арттыруға көмексететін топтық психологиялық түзету жұмысының әр түрлі технолгиясын пайдалана

отырып, мүмкіндігі шектеулі баланы құрдастарының қабылдауына бағытталған жұмысты ұйымдастырады. Мүмкіндігі шектеулі баланың өзі қосылатын бұндай топтық жұмыс оның құрдастарының арасындағы әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешуге көмектесуге міндетті. Психолог балаға балалармен және ересектермен қырым-қатынасты, өзара әрекеттенудің әдіс-тәсілдерін қалыптастыруға, сондай-ақ өзара әрекеттену шегін түсінуге көмектеседі.

Психолог баланың әрекетінің сипатын: оның қарқынын, жұмысқа қабілеттілігін, өнімділігін, белсенді зейін деңгейін бағалай отырып, педагог үшін оқу жүктемесін, оқу материалының көлемін мөлшерлеу туралы, баланың жұмысқа қабілеттілігін есепке ала отырып, оқу материалын ұсыну қарқыны туралы және сыныптағы жаппай жұмыс кезіндегі баланың өзіндік қарқынын есепке алу қажеттілігі туралы ұсынымдар әзірлейді. Мүмкіндігі шектеулі оқушының психикалық қызметін ұйымдастыру ерекшелігін бағалау оны оқытуға арналған сайма сай ұйымдастырылған жағдайды тудыруға мүмкіндік береді: сынып бөлмесіндегі тиімді жұмыс орны, сыртқы тіректерді ұйымдастыру, жекеше тәсілдемені пайдалана отырып, оқу материалын беру мен бекітудің арнайы тактикасын таңдау.

Педагог дефектологтың қызметінің негізгі мазмұнына оқу әрекетін мөлшерлеу; оқу білімін, икемділігі мен дағдыларын меңгерудегі қиындықтарды жеңу жатады. Есту қабілеті бұзылған оқушылармен жұмыста арнайы педагог өзінің күшін есту арқылы қабылдауға, сөйлеу тілін және коммуникативтік атқарымды дамытуға бағыттайды. Көру қабілеті бұзылған оқушылар көру арқылы қабылдауды, кеңістікте бағдарлауды, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауды дамытуға мұқтаж болады. Тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар оқушылармен жұмыс мазмұнына танымдық әрекетті, кеңістікте бағдарлауды, көру қимылдық тепе-теңдік пен қимылды дамыту, коммуникативтік атқарымдардың қалыптасуы жатады. Аутистік бұзылыстары бар оқушылар тәртіпті ұйымдастыру, қатынастың коммуникативтік атқарымын дамыту, сенсорлық және сенсомоторлық дамыту, танымдық қызметті, кеңістікте бағдарлауды дамыту бойынша арнайы жұмысқа мұқтаж болады.

Логопед мұғалімнің қызметінің негізгі міндеттері оқушылардың ауызекі және жазба сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді жеңу, жазу мен оқу үдерісіне қатысатын жоғары психикалық атқарымдарды дамыту, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Мамандар педагогикалық қолдау алатын оқушының жеке кестесіне сәйкес күннің екінші жартысында оқушылармен арнайы жабдықталған кабинетте жеке-дара және топтық сабақтарды өткізеді.

Мұғалім білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушыны сүйемелдеу (қолду) бағдарламасын жүзеге асыратын орталық бейне болып табылады. Сонымен бірге педагогтың балаға, оқушының оқу әрекетінің нәтижесіне деген көзқарасының, педагогтың оқыту үдересін дараландыра білуінің, мамандардың (психологтың, логопедтің, дефектологтың) ұсыныстарын ұстануының, балада

өзіне деген сенімділікті қалыптастыра білуінің маңызыүлкен болады. Мұғалімнің білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушыны бағаламай қабылдауы, өзгеріске, кәсіптік ізденіске дайындығы, мамандар командасында жұмыс істеу дайындығы, педагогикалық оптимизм міндетті түрде мұғалімнің кәсіптік қасиеттеріне айналуға тиісті.

Жұмыстың түзете дамыту кезеңінің аяқталуы оқушыны оқу барысында динамикалық бақылау нәтижелерінталдау және қорытынды тексеру, оқушының жетістігін зерттеу болып табылады. Қолдау мамандары мен мұғалімнің оқушыларды динамикалық бақылау нәтижесін талдау тиісті құжатқа тіркеледі (Д қосымшасы).

Сонымен, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ұжымдық келісілген әрекеттердің келесі кезеңдерін қамтиды:

- педагогикалық сауалды бағалау және оны талдау;
- оқушының дамуын мамандар командасының (логопедпен, педагог дефектологпен, дәрігермен, әлеуметтік педагогпен) зерттеуі және бағалауы;
- оқушыны сүйемелдеудің жеке бағдарламасын құру (сүйемелдеу мамандарын анықтау, олардың жұмысының мазмұны, сондай-ақ мұғалімдер мен ата-аналар жағынан көрсетілетін көмек) және оны жүзеге асыру уақыты;
- психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру, оқушыны бақылау, қажет болған жағдайда оның мазмұнын түзету;
- оқушымен жұмыс нәтижелерін коллегиялды талқылау, оқушылардың оқудағы жетістіктерін зерттеу;
- оқушыны ары қарай да қолдау қажеттілігі туралы шешім қабылдау.

Қорытынды

Инклюзивтік білім беру практикасының қалыптаса бастауы мектепті дамыту бағдарламасын, оның жарғысын өзгертуді, жаңа стратегиялық міндеттерді шешуге әкімшіліктің дайындығын талап етеді. Ондай болмаған жағдайда жаңадан пайда болған жеке жағдайлар оқшауланған түрде болады. Олардың одақтастары, жалғастырушалары болмайды, яғни олардың жетістіктері педагогикалық кеңестер мен әдістемелік бірлестіктерде кеңінен талқыланатын тақырып болып табылмайды. Педагогтардың бала туралы, сынып туралы диагностикалық ақпараттардың қолданысы мен философиясын толық түсінбегенінен ол ақпараттар педагогикалық ұжым үшін сұранымсыз болады. Педагогтардың білім беру үдерісінің тұлғалық-бағдарлық және түзете дамыту технологияларын меңгеруге қажетті уәждері болмайды. Сондықтан ұйымдық мәселелерді шешу жалпы білім беру үдерісіне қосылған мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды сүйемелдеу қызметінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Оған мектепте «кедергісіз» білім беру кеңістігін ұйымдастыру бойынша бірізділік қадамдарын анықтайтын жергілікті нормативтік актілерді әзірлеу, бірыңғай стратегияда әрекеттенетін пәнаралық мамандар командасын қалыптастыру, әрбір маманның атқарымын, олардың өзара әрекеттену тәсілдерін анықтау жатады.

Басқару шешімдерін қабылдауға жауапты тұлғалар төменде берілгендердің басқарудың тиімді емес екендігін білдіретінін естерінде сақтауға тиісті:

- басқарудың реактивті түрінің басым болуы;
- психологтың, логопедтің, дефектологтың және т.б. мамандардың атқарымдық бағынушылдығының анық болмағанына байланысты басқарудың бір тұтас үлгісінің болмауы;
- жағдайды талдаудың жүйелілігі мен кешенділігінің болмауы, оған ақпараттың жетіспеушілігі немесе тым артық болуы себеп болуы мүмкін;
- мектеп ішілік бақылауда шоғырлану түрінің басым болуы;
- құндылығы бірыңғай команданың болмауы.

Аталған факторлар жалпы білім беру үдерісіне қосылған мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігін төмендетеді, ал бұл балалардың сапалы білім алу құқығын бұзады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектептің білім беру үдерісіне қосу үшін мектепте құрылған ұйымдық негіздер мен талаптардың барабар көрсеткіштері:

- білім беру үдерісіне қатысушылардың қарым-қатынасындағы жоғары педагогикалық мәдениет (шиеленістің, өзара наразылықтың, кемсітушіліктің, балалар қоғамының жіктелуінің болмауы),
- оқушылар мен ата-аналардың білім беру үдерісіне қанағаттанулары;
- оқушылардың ауруының төменгі деңгейі.

Глоссарий

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар

арнайы психологиялық-педагогикалық көмекке және тәрбиелеу және оқыту кезінде ерекше жағдайларды ұйымдастыруға мұқтаж балалар

Мүмкіндіктері шектеулі балалар (МШБ)

дене бітімі және (немесе) психикалық даму кемшіліктері бар, туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулардың немесе жарақаттардың салдарынан өмір тіршілігінің шектеулілігі бекітілген тәртіпте анықталған балалар

Психологиялық-педагогикалық қолдау

әрбір баланы оның мүмкіндігі мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен дамыту үшін мамандардың жүйелі ұйымдасқан, біртұтас әрекеттерін білдіретін білім беру-тәрбиелеу үдерісінде құрылатын әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай балаға көмек көрсетудің (немесе қолдаудың) ерекше түрі болып табылады

Білім алуға арналған арнайы талаптар

арнайы білім беру оқу бағдарламалары және оқытудың арнайы әдістері, техникалық және басқа да құралдар, өмір сүру ортасы, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың оларсыз жалпы білім беру және кәсіптік білім беру оқу бағдарламаларын меңгерулері мүмкін болмайтын басқа да қызметтерді қамтитын білім алуға арналған талаптар

ППСҚ

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі

МЖБС

білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

ПМПҚ

психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес

Пайдаланылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР «Білім туралы заңы» 2007 жыл 27 шілдедегі № 319-III.
2. Семаго Н.Я. Опыт системного развития инклюзивного образования в Центральном округе Инклюзивное образование. 1 шығарылым. Мәскеу, «Школьная книга» орталығы, 2010.
3. Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген.
4. Методические рекомендации по организации интегрированного (инклюзивного) образования детей с ограниченными возможностями в развитии. (ҚР БЖҒМ 2009 жылы 16 наурыздағы № 4-02-4/450 хаты.)
5. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524 бұйрығы.
6. Щербо И.Н. Управление системой коррекционно-развивающего образования в школе. «Директор школы». Журналының кітапханасы/ М.: 2003. Қыркүйек.- 160-б.
7. Ямбург Е.А., Забрамная С.Д. Управление службой сопровождения детей в условиях образовательной организации. Практикалық-бағдарлық монография. Мәскеу.: Бослен – 2013.
8. Амрина Б.Б., Елисеева И.Г., Жанғазиева Т.А., Чумакова О.Ф. Организационные основы и формы включения школьников с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Әдістемелік ұсынымдар. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2014 ж.
9. Инструктивно-методическое письмо по определению детей после кохлеарной имплантации в общеобразовательные (инклюзивные) и специальные (коррекционные) организации образования. ҚР БЖҒМ 2009 жылы 2 шілдедегі № 4-02-4/1228 хаты.
10. Методические рекомендации по определению детей с аутизмом в организации образования. ҚР БЖҒМ 2010 жылғы 28 мамырдағы № 4-02-4/1435 хаты.

Жергілікті нормативтік актілер

1. Мектепте Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрылғаны туралы бұйрық.
2. № ОБМ-індегі психологиялық-педагогикалық қызмет туралы ережелер.
3. № ОБМ-індегі психологиялық-педагогикалық қолдау жұмысының оқу жылына арналған жоспар үлгісі.
4. Білім беру ұйымы мен МШ оқушының ата-анасының арасындағы келісім шарт.

Мектептік психологиялық-педагогикалық қызметті құру туралы Бұйрық

Инклюзивтік практика жағдайындағы мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етудің жүйелік және кешендік тәсілдемелерін қалыптастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіні төмендегі құрамда құру:

2. ... оқу жылына Мектептік қызметтің құрамын бекіту.
3. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшылығына тағайындау.
4. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысына:
 - ППҚ қызметінің жұмыс жоспарын әзірлеу;
 - жалпы білім беру үдерісіндегі мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды қолдау үдерісін жүзеге асыруды қамтамасыз ету.
 - осы бұйрықтың орындалуын бақылау.

Мектеп директоры:

№ ... ОБМ-індегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы ережелер

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ережелер № ... ОБМ-індегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ары қарай қолдау қызметі) жұмысын реттейді.

1.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқу-тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушыларына көрсетілетін көмек пен қолдаудың ерекше түрі болып табылады. Ол әрбір баланы мүмкіндіктері мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен дамытуға арналған әдеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды құратын мамандардың бір тұтас, жүйелі түрде ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

1.3. Қолдау қызмет әрекеті:

1) мектепке бейімделмеу және оқуда қиындықтары бар балалардың қатер тобын дер кезінде анықтауға;

2) оқушылардың дамудағы ауытқушылықтарын (анықталған сәттен бастап) жеңуге арналған психологиялық-педагогикалық көмекті ерте көрсетуге;

3) оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды білім беру үдеріс жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерді тиімді дамытумен, әлеуметтендіру, денсаулықтарын сақтау және нығайтумен, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыруға;

4) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағымды жағдайларды құруды есепке ала отырып, білім беру ұйымының дамыту бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектесуге;

5) педагогтардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениеттілікті) артыруға;

6) оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу, түзете дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингілеуді (психологиялық мониторинг) жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1.4. Мектептік құрылымның бір бөлімі болып табылатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әр түрлі білім беру деңгейлерінде жүзеге асыратын міндеттері:

1) мектепке дейінгі білім беру – № ... ОБМ-індегі шағын орталыққа келуші балалардың мектепке дайындығын қамтамасыз ету, дамуындағы ауытқушылықтарды ерте диагностикалау және түзету;

2) бастауыш мектеп – мектепте оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін қамтамасыз ету, оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу уәждерін дамыту, дербестік пен өзін реттеу қабілетін дамыту, «оқи білу» және қалауын қалыптастыруда қолдау, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін және әлеуметтік мүмкіндіктерін есепке ала отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту;

3) негізгі мектеп – оқушының негізгі мектепке көшуде қолдау, оқытудың жаңа талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және құндылықты-мағыналық өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, жеке тұлғалық

мәселелері мен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде, өмірлік дағдыларын қалыптасыруда көмектесу, неврозды алдын ала емдеуде, ата-анасымен және құрдастарымен құрылымды қатынасты құрастыруда көмектесу;

4) орта мектеп – оқушыға бейінді бағдарлауда және кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтауда, экзистенциалдық мәселелерді (өзін-өзі тану, өмірдің мәнін іздеу, жеке бірдейлікке жету) шешуде қолдау, уақытша келешекті, мақсатты тұжырымдау қабілетін дамыту, психоәлеуметтік құзыреттілікті дамыту.

1.5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі қағидалары:

1) баланың қандай да бір даму мәселесін шешуде кешенді, пәнаралық тәсілдеме;

2) білім беру үдерісіндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі;

3) қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру;

4) қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау (болжау);

5) мүмкіндіктергі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді қатыстыру.

2. № ... ОБМ-інде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру

2.1. Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (ары қарай ОПМПК) тұжырымдамасы мен ұсынысының негізінде, сондай-ақ оқушыларды № ... ОБМ-тің штаттық мамандарының (педагог-психолог, логопед мұғалім, дефектолог мұғалім, әлеуметтік педагог, ЕДШ маманы, медициналық қызметкер) диагностикалық тексерулерінің нәтижесінде жүзеге асырылады.

2.2. Қолдау қызметінің мамандарының өзара кәсіптік әрекеттенуі үшін директордың бұйырығымен мектепте психологиялық-педагогикалық консилиум (ары қарай педконсилиум) құрылады.

2.3. № ... ОБМ-тің директорының бұйырығымен тағайындалған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрағасы аталған қызметті басқарады. Қызметтің барлық мамандары қолдау бойынша бірлескен әрекеттерін лауазымдық ережелер мен атқарымдық міндеттемелерге сәйкес атқарады. Қызметтің жұмысына пән мұғалімдері, тәрбиешілер, оқушылардың ата-аналары, үйірмелердің (секциялардың) жетекшілері, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар тартылуы мүмкін.

2.4. № ... ОБМ-індегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі өзінің жұмысында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы: баланың құқығы туралы БҰҰ конвенциясын, мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ декларациясын, білім беру саласындағы кемсітушілікпен күрес туралы конвенциясын, балаларды қорғау және дамыту, өмір сүруін қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларацияны, ҚР «Білім туралы» заңын, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау

туралы» заңын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мен ұсынымдарын, № ... ОБМ-інің жарғысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарын» (2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524) және осы ережелерді басшылыққа алады.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты мен міндеттері

3.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты оқушыларды табысты оқыту мен әлеуметтендіру, оларды барынша дамытуға жағдай туғызуға бағытталған ағарту, диагностикалық және түзету шараларының кешенін жүзеге асыру жолымен білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға тарту болып табылады. Бұнда қолдау нысаны білім беру үдерісі, ал қолдау мәні – баланы дамыту жағдайы болып табылады.

3.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің міндеттері:

- тәрбиеленушінің құқығы мен жеке бас қызығушылықтарын қорғау, олардың оқуы мен психологиялық және дене тұрғысынан дамуын қауіпсіз жағдаймен қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуде көмектесу және қолдау;

- баланың дамуы мен оқуында туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу үшін баланың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кешенді түрде диагностикалау;

- білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттенуді нығайтуға көмектесу;

- оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар арасында кеңестік ағарту жұмысын жүргізу.

3.3. Баланы және оның жанұясын қолдау туралы шешім қызметтің барлық мамандарымен бірге, ПМПК-тің тұжырымдамасы мен ұсыныстарының негізінде қабылданады.

3.4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарымен және мекемелерімен, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға көмектесетін әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста жұмыс істейді.

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары

4.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары:

- психологиялық-әлеуметтік диагностика – оқушылардың бастапқы мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктерін және жеке басының бейімділігін, оқу және тәрбиелеу үдерісіндегі әлеуетті мүмкіндігін, сондай-ақ оқушылардың дамуындағы ауытқушылықтарды, оқудағы, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтардың себептерін, мүмкін болатын және іс жүзіндегі әлеуметтік қатер тобын анықтау бойынша зерттеулер жүргізу;

- психологиялық түзету жұмысы – оқушылармен түзете дамыту жұмысын жүргізу мен бағдарламаны әзірлеу бойынша педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, логопед мұғалімнің, дефектолог мұғалімнің, дәрігердің бірлескен жұмысы, әлеуметтік-психологиялық термингілерді, рөлдік ойындарды, білім беру үдерісіне қатысушылардың жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту бойынша педагогикалық ұжым мен ата-аналардың арасындағы топтық дискуссияларды ұйымдастыру және өткізу;

- әрбір жастық кезеңде оқушылардың, тәрбиеленушілердің жеке бастық толық құнды дамуына және өзін-өзі тануына жағдай тудыру, сондай-ақ тұлғалық дамуы мен зерде дамуында мүмкін болатын бұзылыстардың алдын алу мақсатындағы білім беру үдерісіне қатысушыларды психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік тұрғыда ағарту;

- білім беру үдерісіне қатысушыларға әр түрлі психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық кеңес беру; өмірдегі қиын жағдайларды жеңу үшін оқушылар мен ата-аналарға көмектесу; оқушыларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беру;

- ұйымдық-әдістемелік қызмет – ұйымдық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды (қолдау нәтижелерін талдау және жинақтау, ғылыми зерттеу жұмыстарының материалдарын өңдеу) жүргізу; тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктер, семинар практикумдер, конференциялардың жұмысына қатысу; тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын есепке ала отырып, оларды сауықтыру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу; инновациялық әдістерді меңгеру бойынша семинарлар, тренингілер мен кеңес жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу; мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы мәліметтер қорын қалыптастыру; психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерттеу.

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттамасы

5.1. № ... ОБМ-інің директоры бекіткен, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің болжалды жылдық жұмыс жоспары.

5.2. № ... ОБМ-інің директоры бекіткен, қолдау мамандарының жұмыс кестесі.

5.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының кестесі мен хаттамасы.

5.4. Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жеке бағдарламалары.

5.5. Топтық тақырыптық кеңес беру және ата-аналардың жеке санаттарына кеңес беру жоспарының кестесі.

5.6. Білім беру үдерісіне қатысушыларға арналған оқыту семинарларының тақырыптары және өткізу кестесі.

5.7. ПМП консилиумының құжаттамасы.

5.8. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын жылдық талдау.

5.9. Серіктестік қатынастардың келісім шарттары.

6. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының жауапкершіліктері

6.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте төменде берілгендерге қатысты жауапкершіліктері:

- № ... ОБМ-інің ішкі еңбек тәртіп ережелерін және жарғысын, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысының бұйрығын және басқа да жергілікті нормативтік актілерді, лауазымдық міндеттемелерді орынды себепсіз орындамау немесе толық және дұрыс орындамау;

- түзету сабақтары уақытындағы балалардың өмірі мен денсаулығы;

- баланы тексеру барысында өзінің құзыреттілігінің аясында негізделмеген тұжырымдама жасау, осының себебінен баланың дене және психикалық денсаулығының нашарлауы;

- баланың құқығы мен жеке бастық еркіндігін сақтау;

- тексеру кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығы;

- құжаттаманы жүргізу және оны сақтау;

- еңбек тәртібін, өндірістік санитарияны және өрттен қауіпсіздік ережелерін сақтау.

№ ... ОБМ-індегі Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ... оқу жылдарына арналған үлгілік жұмыс жоспарының үлгісі

Жұмыс мақсаты: психологиялық-педагогикалық қолдау, оқушылардың жеке тұлғалық және әлеуметтік бейімделуіне көмектесу, педагогикалық үдерістің ізгілендірілуін қамтамасыз ету.

Қызмет міндеттері:

- оқуда және жеке тұлғалық дамуында қиындықтары бар оқушыларды ерте анықтау;
- оқушыларға мектептік қиындықтарды, әлеуметтік-эмоциялық мәселелерді жеңуге психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;
- бұзылған атқарымдарды дамытуға және түзетуге арналған жеке бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- білім беру субъектісінің дене, психикалық және әлеуметтік саулығын сақтауға және нығайтуға кепілдік беретін жағдайларды жобалау;
- мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға қолдары бос кезінде өзін-өзі тануға көмектесу;
- оқушыларға өздерінің қабілеттеріне, бейімділігіне, қызығушылығына, денсаулық жағдайына қарай өз мүмкіндіктерін анықтауға көмектесу;

- білім беру үдерісінің субъектілеріне МШ оқушыларға қатысты толерантты қатынасты, әлеуметтік өзара белсенді әрекеттену қабілетін қалыптастыруға көмектесу;
- қызметтің ақпараттық-әдістемелік және диагностикалық кешенін дамыту және қалыптастыру.

№	Қызметтің негізгі бөлімдері мен мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі	Бақылау түрі
	1	2	3	4
Психологиялық-педагогикалық диагностика				
1	МШ балаларды медициналық зерттеу	медициналық қызметкерлер	қыркүйек	Оқушыға медициналық ұсыныс
2	МШ балалардың танымдық әрекеті мен эмоциялық ерік аясындағы даму деңгейін анықтау	психологтар	қыркүйек	Психологиялық ұсыныс
3	Логопедиялық диагностика: сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды анықтау	логопедтер	қыркүйек	Сөйлеу тілдік карталар
4	МШ оқушыларында мектеп үшін маңызды дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау	дефектолог мұғалім, психолог	қыркүйек	Педагогикалық ұсыныс
5	МШ оқушылардың әлеуметтік дамуының диагностикасы	әлеуметтік педагог	қыркүйек	Әлеуметтік ұсыныс
6	МШ оқушылардың жанұялық тәрбиелену жағдайын зерттеу	сынып жетекшісі	қазан-қараша	Жанұяның әлеуметтік көрінісі
7	Оқу үдерісіндегі МШ оқушылармен жеке тәсілімдерді жүзеге асыру бойынша педагогтарға арналған ұсынымдарды, психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын және жанұялық тәрбие бойынша ата-аналарға арналған ұсынымдарды құрастыру	Қолдау қызметінің мамандары	қыркүйек	Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламалары
8	Оқушылармен жүргізілетін түзете дамыту жұмысын жүзеге асырудың табыстылығын және	Қолдау қызметінің мамандары	жыл бойы	Мамандардың бақылауы

	олардың оқудағы жетістіктерін динамикалық зерттеу			
9	МШ балаларды психологиялық-педагогикалық салыстырмалы қорытынды тексеру	Қолдау қызметінің мамандары	сәуір	Психологиялық-педагогикалық бейін
Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау				
10	Жеке және топтық түзете дамыту сабақтарын жүйелі түрде жүргізу	дефектологтар логопедтер, психологтар	жыл бойы	Жұмыс құжаттамасы
11	Оқушыларға әрекеттің әр түрлі түрлерінде қажетті психологиялық-педагогикалық көмек көрсету	Қолдау қызметінің мамандары	жыл бойы	Сұраныс бойынша
12	Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру (топтық, жеке)	Қолдау қызметінің мамандары	Оқу жыл бойы	Ата-аналарға арналған ұсыным
13	МШ оқушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтарға топтық, жеке психологиялық-педагогикалық кеңес беру	Қолдау қызметінің мамандары	сұранысы бойынша	Ақпараттық материалдар
14	МШ балалармен түзете дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және жинақтау, оны қорытынды педкеңесте талқылау	Қолдау қызметінің мамандары	мамыр	Қолдау мамандарының есебі
15	Педагогикалық қорғаушылық түзімін сақтау	Педагогтер ұжымы	Оқу жыл бойы	Мұғалімдерге арналған ұсыным
16	Ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне тарту	Қолдау қызметінің мамандары, педагогтар	Оқу жыл бойы	Ата-аналарға арналған ұсыным
Психологиялық-педагогикалық және медициналық-педагогикалық ағарту				
17	Жалпы білім беру үдерісіне қатысушыларын инклюзивтік білім берудің мақсаты мен міндеттері туралы ақпараттандыру	Қолдау қызметінің мамандары	Оқу жыл бойы	Ата-аналарға арналған ұсыным

18	Жалпы білім беру үдерісіне қатысушылармен лекцияларды оқыту, семинарларын жүргізу	Қолдау қызметінің мамандары	Жоспар бойынша	Ақпараттық материалдар
19	Жалпы білім беру үдерісіне қатысушылар үшін МШ оқушыларға қатысты толерантты қатынасты қалыптастыру тренингісін, семинарларды өткізу	Қолдау қызметінің мамандары	Жоспар бойынша	Ақпараттық материалдар
20	МШ балаларды оқыту және тәрбиелеу тәжірибесін зерттеу мақсатында педагогтардың арнайы жалпы білім беру мектептеріне баруын ұйымдастыру	педагогтар	Жоспар бойынша	
21	Инклюзивтік білім берудің құндылығы мен қағидаларын қоғам деңгейінде түсіндіріп тарату (оқушылар, ата-аналар, қауым, БАҚ)	Қолдау қызметінің мамандары	жыл бойы	БАҚ-да жариялау
22	Арнайы ұйымдармен шығармашылық серіктестік туралы келісімді ұзарту. Жаңа келісімдерге отыру	ППҚ қызметінің басшысы	Жоспар бойынша	келісім
23	Инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысу	Қолдау қызметінің мамандары	жыл бойы	Конференция материалдары
Ұйымдық-әдістемелік әрекет				
24	Құжаттаманы тіркеу және жүргізу	Қолдау қызметінің мамандары	Оқу жыл бойы	Жұмыс құжаттамасы
25	Сабақтарға қатысу	Қолдау қызметінің мамандары	Сұраныс бойынша	Сабақтардың стенограммасы мен талдау
26	Қолдау қызметінің есебі	ППҚ қызметі басшысы, мамандар	тоқсандық, жылдық есеп	Мамандардың есебі

Оқушының психологиялық-педагогикалық тексерілуі мен қолдауы туралы білім беру ұйымы (директор атынан) мен оқушының ата-анасының (заңды өкілдерімен) арасындағы шарт

« _____ » _____ 20 ____

Бұдан әрі Мекеме деп аталатын жалпы білім беру № ... орта мектебі мемлекеттік мекемесі Мекеме Жарғысы негізінде бір тараптан іс-әрекет жасайтын директор атынан _____ және білім беру мекемесіне баратын оқушының

_____ (оқушының тегі, есімі, әкесінің аты)

екінші тараптан бұдан әрі ата-ана деп аталатын ата-анасы (заңды өкілі)

әкесі _____ (тегі, есімі, әкесінің аты толық)

анасы _____ (тегі, есімі, әкесінің аты толық)

атынан төмендегілер туралы шарт жасасты:

1. Шарттың нысаны

1.1. ҚР заңнамасына сәйкес берілетін білім беру қызметін көрсету және № ... ОБМ оқушы _____ психологиялық-педагогикалық тексерумен және қолдаумен қамтамасыз ету.

1.2. Осы шарт № ... ОБМ-і мен ата-ананың арасындағы өзара қатынасты анықтайды және реттейді.

1.3. Тараптар ерікті бірге серіктестік негізінде оқушының № ... ОБМ-і жүзеге асыратын білім беру бағдарламасын меңгеру мақсатындағы мүмкіндігін есепке ала отырып, оқушы _____ мүддесі үшін бірге әрекеттенуге міндеттеме алады.

2. Жалпы ережелер

2.1. Оқушыны _____ № ... ОБМ-іне қабылдау және оқыту талаптары:

Оқушы _____ № ... ОБМ-іне ата-анасының психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің (ПМПК) тұжырымдамасының, Білім беру басқармасының бұйрығымен анықталған басқа да құжаттардың негізінде жазған өтініші бойынша қабылданады.

2.2. Оқушы _____ 20__ 20__ оқу

жылдарына:

а) МББС-ына сәйкес келетін жалпы білім беру бағдарламасы және ПМПК ұсыныстарын есепке ала отырып, мектептік психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПК) әзірлеген түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасы бойынша жеке психологиялық-педагогикалық қолдаумен _____ инклюзивтік сыныпқа;

б) МББС-ының негізінде құрылған арнайы (бейімделген) бағдарлама және ПМПК ұсыныстарын есепке ала отырып, мектептік психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПК) әзірлеген түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасы бойынша жеке психологиялық-педагогикалық қолдаумен _____ арнайы сыныпқа қабылданады.

2.3. № ... ОБМ-і және ата-аналар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының оқушыны психологиялық-медициналық-педагогикалық кешенді түрде тексеру негізінде құрастырылған жеке түзете дамыту жұмысының бағдарламасымен, сондай-ақ мамандармен сабақ кестесімен өзара келіседі.

2.4. № ... ОБМ-і әрекеттегі заңнамаға сәйкес білім беру үдерісінің нәтижелерін бағалайды, аттестация нәтижелері бойынша оның тиімділігі туралы шешім қабылдайды.

3. № ... ОБМ-інің құқығы мен міндеттемесі

3.1. № ... ОБМ-інің құқықтары

3.1.1. Оқушыны мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау түрін бұл жұмысты ПМПК ұсыныстарына сәйкес және оқушының мүмкіндігі мен қажеттілігін психологиялық-педагогикалық кешенді түрде тексеру негізінде мамандар анықтайды.

3.1.2. Сабақты ұйымдастырудың түрлерін, педагогикалық технологияны, оқыту әдістемесін, тәрбиелеу мен түзете дамыту жұмысын баланың мүмкіндігін есепке ала отырып, ата-аналарының келісімімен өздігінен әзірлейді, таңдайды және қолданады.

3.1.3. Оқушылардың түзете дамыту сабақтарына баруының жеке кестесін оқушының ата-анасының келісімімен және № ... ОБМ-інің ПМПК ұсыныстары бойынша құрады және өзгертеді.

3.1.4. Баланы жанұяда тәрбиелеу мен оқыту, рухани және дене тұрғысынан жетілдіру бойынша ұсыныстар ендіреді, сонымен бірге ата-аналарға емдік-сауықтыру мекемелеріне баруды ұсынады.

3.2. № ... ОБМ-інің міндеттемелері

3.2.1. Қамтамасыз ету:

- баланың құқығы мен абройын қорғау;
- оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайту, өмірін қорғау;

- оны зерделік, дене тұрғысынан және жеке тұлғалық дамыту;
- оның жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, шығармашылық қабілеттерін және қызығушылықтарын дамыту;
- оқу-тәрбиелеу үдерісінде оқушыға жеке тәсілдеме қолдану.

3.2.2. Баланы мектепте оқытудың басталу сәтінен 4 аптадан артық кешіктірмей, психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеу.

3.2.3. Оқушылардың ҚР заңнамасына сәйкес сапалы білім алуға деген құқығын жүзеге асыру үшін жағдай тудыру.

3.2.4. Мектепмамандары ПМПК ұсыныстарына және психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасына сәйкес оқушыны қажетті психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етеді.

3.2.5. Оқушыларға жұмыс түзіміне сәйкес мектепте, сондай-ақ ПМПК мен № ... ОБМ-інің ПМПК ұсыныстарын есепке ала отырып, ұзартылған күн тобында болуға мүмкіндік туғызады.

3.2.6. Ата-аналарға білікті көмек көрсету (№ ... ОБМ-інің мамандарының құзыреттілігінің аясында), ата-аналарға жақын арада болатын кеңестер мен кеңестердің нәтижелері, сондай-ақ білім беру үдерісінде туындаған мәселелер туралы хабардар етеді.

3.2.8. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасынан ауытқығанда немесе оны жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда бағдарламаны түзету мақсатында бұл туралы ата-аналарға дер кезінде хабар беріледі.

3.2.9. Ата-аналарды № ... ОБМ-інің қызметін реттейтін жергілікті актілермен және білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен таныстырады.

4. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Ата-аналардың құқықтары:

4.1.1. Оқушының білім алуға деген құқығын жүзеге асыру үшін № ... ОБМ-інен Жарғыны және осы шарттың талаптарын сақтауды талап етеді.

4.1.2. № ... ОБМ-інің әлеуметтік, мәдени, білім беру және басқару міндеттерін шешу мақсатында № ... ОБМ-інде өзін-өзі басқару органдарын құруға және оның жұмысына қатыса алады.

4.1.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарынан кеңес ала алады.

4.1.4. Мектептің ПМПК мамандарымен бірлесе отырып, оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеуге қатыса алады.

4.1.5. Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысымен, сондай-ақ № ... ОБМ-інің әкімшілігімен жолығады, оқыту жағдайларымен, оқыту, тәрбиелеу және түзету әдістемелерімен танысады.

4.1.6. № ... ОБМ-інің педагогтары мен мамандарына баланың денсаулығы, олардың ауырғандары, емдеу және білім беру үдерісін ұйымдастыруға әсер ететін басқа да жағдайлар туралы толық ақпарат береді.

4.1.7. Оқушыға № ... ОБМ-інен тыс, басқа мекемелерде, ұйымдарда және жеке тұлғаларда қолданылған білім беру бағдарламасын меңгеру сапасына әсер етуі мүмкін медициналық, психологиялық-педагогикалық және басқа да оқушыға көрсетілген көмектің барлық түрлері (оның ішінде медициналық препараттар) туралы № ... ОБМ-інің әкімшілігіне дер кезде хабарлау.

4.1.8. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасынан ауытқығаны туралы және оның себебі туралы ақпаратты дер кезінде алу.

4.1.9. Сабаққа № ... ОБМ-інің әкімшілігінің келісімімен қатысуға болады.

4.1.10. № ... ОБМ-іне заңдағы бекітілген тәртіп бойынша жарғы міндеттерін жүзеге асыруға ерікті көмек көрсету.

4.2. Ата-аналардың міндеттері

4.2.1. ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес өз баласын тәрбиелеуге және дамытуға, өз баласының денсаулығына, дене тұрғысынан, психикалық, рухани және адамгершіліктік тұрғыда дамуына қамқорлық көрсетуге жауапты болады.

4.2.2. Оқушыға тағайындалған емдік шаралар туралы № ... ОБМ-інің әкімшілігіне дер кезінде хабарлау, егер тағайындалған емдеу курсы себебінен оқушының білім беру үдерісін үзуіне тура келсе, онда № ... ОБМ-інің ПМПК ата-анасымен (заңды өкілдермен) бірге психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасына түзетулер ендіреді.

4.2.3. Мамандардың ұйымдық және жүзеге асыру мәселелері бойынша берген ұсыныстарын сақтау: күн түзімі, дамыту шаралары, үй еңбегі (үй тапсырмаларына дайындықты қосқанда) мен демалысты, қиымыл-қозғалыстық белсенділікті кезектестіру. баланың ПМПК-тің ұсыныстарына және психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларына сәйкес жеке-дара және топтық сабақтарға қатысуын қамтамасыз ету.

4.2.4. Өз баласын оқыту, тәрбиелеу, қолдау бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері бойынша № ... ОБМ-інің мамандарынан немесе тартылған мамандардан кеңес алу.

4.2.5. Мектеп жұмысының барлық бағыттары бойынша № ... ОБМ-імен өзара әрекеттену.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Шарт бір оқу жылы мерзіміне жасалып, қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

5.2. Осы шартты өзгертуге бір тараптың жазбаша өтініші бойынша осы шарттың бөлінбес бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасау арқылы рұқсат етіледі.

5.3. Шарттың заңды күші бірдей екі данасына қол қойылады, әрбір тарапта бір данадан сақталады.

6. Тараптардың мекенжайы мен реквизиттері:

	Ата-ана: Индекс, үйдің мекенжайы: Жеке куәлік № « » ____ жылы Кіммен берілген Тел.
--	---

7. Тараптардың қолдары

№ ... ОБМ-інің директоры

Ата-ана

М.О.

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының
лауазымдық нұсқаулықтары**

1. Инклюзивтік білім беру үйлестірушісіне лауазымдық нұсқаулық.
2. № ... жалпы білім беру мектебінің дефектолог мұғаліміне лауазымдық нұсқаулық.
3. № ... жалпы білім беру мектебінің логопед мұғаліміне лауазымдық нұсқаулық.
4. № ... жалпы білім беру мектебінің педгог-психологына лауазымдық нұсқаулық.
5. № ... жалпы білім беру мектебінің әлеуметтік педагогына лауазымдық нұсқаулық.
6. № ... жалпы білім беру мектебінің ЕДШ нұсқаушысына лауазымдық нұсқаулық.
7. Дефектолог мұғалімінің үлгілік жұмыс жоспарының үлгісі.
8. Дефектолог мұғалімінің аналитикалық жылдық есебінің нобайы.

**№ ... ОБМ-інің инклюзивтік білім беру бойынша үйлестіруші
лауазымдық нұсқаулығы**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта және қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (ҚР БҒМ 2009 жылғы шілдедегі қосымшалармен және өзгерістермен №338 бұйрығы), Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға (ҚР БҒМ 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524 бұйрығы) сәйкес әзірленген.

1.2. Инклюзивтік білім беру бойынша үйлестіруші (ары қарай үйлестіруші) қызметке № ... ОБМ-інің басшысының бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын мамандар санатына жатады.

1.3. Инклюзивтік білім беру бойынша үйлестіруші № ... ОБМ-інің директорға тікелей бағынады.

1.4. Үйлестіруші Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қызметкері болып табылады және онда пәнаралық негізде жұмыс істейді.

1.5. Үйлестіруші қызметіне «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар маман тағайындалады.

1.6. Үйлестіруші өз қызметінде мына құжаттарды басшылыққа алады:

- Баланың құқығы туралы концепция;
- ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы;

- ҚР «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау туралы» заңы;
- ҚР «Білім туралы заңы»; ҚР әлеуметтік және инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша заңнамасы;
- № ... ОБМ-інің жарғысы;
- № ... ОБМ-інің ішкі еңбек тәртібінің ережелері; № ... ОБМ-інің басшылығының бұйрықтары мен үкімдері;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік ережелері және өрттен сақтану ережелері мен нормалары;
- осы лауазымдық нұқсаулы;
- еңбек шарты.

1.7. Үйлестіруші төмендегі мәселелерді білуі керек:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Неке және отбасы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңдарды және инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік актілерді;
- баланың құқығын, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың, мүгедектердің, жалпы білім беру, инклюзивтік білім беру қорғау мәселелеріне қатысты халықаралық, мемлекеттік заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттардың мазмұнын;
- дидактикалық қағидаларды, педагогиканаң негізін, жас және педагогикалық психологияны;
- психологиялық-педагогикалық түзете дамыту технологиясын;
- мемлекеттік білім беру стандартының мазмұны мен бағдарламаларын;
- білім беруді жетілдіру саласындағы заманауи тәсілдемелерді (құзыреттілік, әрекеттілік, тұлғалық-бағдарлық, орталық және т.б.);
- білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін басқару қағидаларын;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әр түрлі мамандарының (психологтың, дефектологтың, логопедтің, әлеуметтік педагогтың), қосымша білім беру педагогтарының қызметтерінің үлгілік мазмұны мен формасын, мүмкін болатын бағыттарын, сонымен бірге олардың білім беру ұйымындағы атқарымдық міндеттемелерін;
- педагогикалық қызметкерлердің (бастауыш сынып мұғалімдерінің, пән мұғалімдерінің, мектептегі ұзартылған күн тобының тәрбиешілерінің), қосымша білім беру педагогтарының қызметтерінің үлгілік мазмұны мен формасын, мүмкін болатын бағыттарын, сонымен бірге олардың білім беру ұйымындағы атқарымдық міндеттемелерін;
- жастары әр түрлі балалардың дене бітіміндегі және психикалық дамуындағы қандай да бір даму бұзылыстарының байқалым ерекшеліктерін, білім ортасының жағдайына қойылатын, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды табысты бейімдеуге қажетті талаптарды;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосуға қажетті құжаттаманы, сонымен бірге дамудың жеке бағдарламасын әзірлеу мен дайындаудың құрылымы мен алгоритмін;

- психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарынң құжаттамаларын; білім беру ұйымындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум қызметін реттейтін нормативтік құжаттармен, жергілікті актілерді дайындаудың құрылымы мен алгоритмін;

- № ... ОБМ-інің білім беру стратегиясын, инклюзивті білім беру бағыты бойынша педагогикалық ұжымның қызметінің мониторингісін әзірлеу алгоритмін;

- заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін, оларды мониторинг мәліметтерін өңдеуде, әдістемелік және ағарту жұмысын ұйымдастыруда, қажетті ақпараттарды іздеуде пайдалана білу;

- инклюзивтік білім беру мекемелерімен бірінғай жүйеде байланысқан мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың немесе инклюзивтік білім беруді қолдау және дамыту идеясына қызығушылық танытқандардың қызметінің үлгілік мазмұнын, формасы мен бағытын.

1.8. Үйлестірушінің жалақысы оның білімі мен біліктілік деңгейіне сәйкес есептеледі.

1.9. Инклюзивтік білім беруді үйлестіруші № ... ОБМ-інің басшысының бекіткен 18 сағаттық жұмыс аптасынан құрылатын қалыпты жұмыс күні түзімінде кесте бойынша жұмыс істейді.

2. Қызметтері

Инклюзивтік білім беруді үйлестірушіге төмендегі қызметтер жүктеледі:

2.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының пәнаралық командасынының оның ішінде № ... ОБМ-інің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумға қатысушылардың өзара әрекеттенулерін үйлестіреді.

2.2. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың қажеттіліктерін талдау, нақты балаға және оның жанұясына қатысты қолдау стратегиясын анықтау, баланың дамуынадағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді негізгі мақсаттарды талдау.

2.3. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын, қажет болған жағдайда мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытудың жеке бағдарламасын құруға қатысу.

2.4. Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау аясында әрекеттенуін талдау бойынша ПМПк жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру.

2.5. Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды білім беру үдерісіне қосу бойынша жұмыс барысы туралы статистикалық және сапалы есеп беру.

2.6. Инклюзивтік білім беру саласындағы № ... ОБМ-інің қызметін (білім беру ортасының сапасын, мүмкіндіктері шектеулі және «қалыпты»

балалардың даму динамикасын, № ... ОБМ-інің мамандарының кәсіптік құзыреттелегінің сапалы көрсеткіштерін және т.б.) мониторингілеу.

2.7. Баланың жанұялық тәрбиесі мәселелері бойынша ата-анамен өзара әрекеттену.

3. Лауазымдық міндеттері

Инклюзивтік білім беруді үйлестірушінің міндеттері:

3.1. Кәсіптік әрекетін өзінің құзыреттілігінің аясында жүргізу.

3.2. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосу және инклюзивтік практиканы дамыту бойынша мектеп педагогикалық ұжымының жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және үйлестіру.

3.3. Педагогикалық, ата-аналардың және мұғалімдер ұжымында инклюзивтік мәдениеттілікті дамыту бойынша шараларды ұйымдастыру.

3.4. Мектептің педагогикалық ұжымын инклюзивтік білім беруді жүзеге асыруға дайындауды ұйымдастыру, педагогтардың инклюзивтік білім беру саласындағы инновациялық әрекеттерін қолдау.

3.5. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың № ... ОБМ-іне бейімдеу, оқыту және әлеуметтендіруге қажетті жағдайларды тудыру, сонымен бірге сыртқы және ішкі ресурстарды іздеу бойынша әкімшіліктің, педагогтардың, психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының және ата-аналардың өзара әрекеттенулерін үйлестіру.

3.6. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының мүмкіндігі шектеулі балаға арналған жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру бойынша жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау.

3.7. Педагогтар ұжымының МШ балаларды білім беру үдерісіне қосу бойынша жұмыстарын жүзеге асыруға және оның тиімділігін мониторингілеуге қатысу.

3.8. № ... ОБМ-інің білім беру үдерісіне қатысушыларды психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қолдау мәселелері бойынша Білім беру басқармасымен, РМО-ырымен өзара әрекеттенуін үйлестіру.

3.9. № ... ОБМ-індегі мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту жағдайын анықтау және жүзеге асыру мәселелері бойынша мектептік психологиялық-медициналық-педагогикалық констилиумның психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеспен өзара әрекеттенуін үйлестіру.

3.10. № ... ОБМ-інің әлеуметтік серіктестерімен, инклюзивтік білім беруді қолдаған және идаясын дамытуға қызығушылық танытқан мекемелермен, ұйымдармен (оның ішінде қоғамдық ұйымдармен) өзара әрекеттенуін үйлестіру.

3.11. Мектеп әкімшілігіне, педагогтар ұжымына инклюзивтік білім берудің мазмұны мен нақты технологиялары туралы ақпарат беру; осы бағыттағы серіктес ұйымдармен ұйымдастырылған нақты шаралар туралы хабарлау.

3.12. Инклюзивтік практиканы дамыту саласындағы педагогтар ұжымының жұмысының нәтижелерін талдау және жинақтау, мектеп әкімшілігіне есеп беру, әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу.

3.13. Жұмыстардың барлық түрін тіркеу және қажетті құжаттамаларды қабылданған формада ресімдеу және жүргізу, оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін тексеру нәтижелерін бейнелейтін, қабылданған нобай бойынша жылдық аналитикалық-статистикалық есеп беру.

4. Құқықтары

Үйлестірушінің құқығы:

4.1. № ... ОБМ-інің әкімшілігінен өзінің лауазымдық міндеттері мен құқықтарын орындауға, кәсіптік міндеттерін табысты орындауға қажетті жағдай туғызуды; № ... ОБМ-інің директорынан өзінің құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша ақпараттар мен құжаттарды талап ету.

4.2. Мектеп атынан инклюзивтік білім беру практикасы саласында жұмыс істейтін тұлғалармен, ұйымдармен іскерлік қатынасқа түсу.

4.3. Өзіне артылған міндеттерді шешу үшін барлық құрылымдық бөлімдердің мамандарын Психологиялық-педагогикалық қызметке тарту.

4.4. Оқытудың тиімді құралдарын, формалары мен әдістерін таңдау, бағдарламаға өзгерістер ендіру, балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмысы бойынша апробацияланған және авторлық әдістемелерді әзірлеу және қолдану.

4.5. Қатысу құқығы:

- № ... ОБМ-інің даму стратегиясын, білім беру бағдарламасын, концепциясын әзірлеуге, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бағдарламасын әзірлеуге және жоспарлауға;

- сәйкес келетін нормативтік құжаттарды (ППҚ қызметінің атқарымы, құзыреттілігі, міндеттері, жауапкершілігі туралы ережелер) әзірлеуге;

- басқару шешімдерін әзірлеуге;

- педагогтардың қалалық және облыстық семинарларына, жиналыстарға, ғылыми-әдістемелік конференциялардың жұмысына қатысуға.

4.6. Өзінің жұмысын жинақтай, тексерілген ақпараттарды пайдалана отырып, ғылыми және белгілі ғылыми басылымдарда жариялану.

4.7. Кәсіптік біліктілігін арттыру, өз еркімен сәйкес келетін біліктілік санатқа аттестациядан өтуге және аттестациядан табысты өткен жағдайда оны алу.

5. Жауапкершілігі

5.1. Үйлестіруші мына жұмыстарға жауапты болады:

- тәрбиелеу-оқыту үдерісінде еңбек тәртібін, өнеркәсіптік санитария және өрттен сақтану ережелерін, еңбекті қорғау ережелерін, санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға;

- осы лауазымдық нұсқаулық артқан міндеттемелерді дер кезінде және сапалы орындауға;

- құжаттаманы жүргізуге және оны сақтауға.

6. Құжаттама

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің болжалды жұмыс жоспары.
2. Психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж мүмкіндіктері шектеулі балалар туралы мәліметтер.
3. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жеке даму картасы.
4. Серіктес ұйымдармен ынтымақтастық туралы шарттар.
5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жеке бағдарламалары, оқытудың жеке бағдарламалары (қажет болған жағдайда).
6. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беру үдерісіне қосу барысы туралы статистикалық және сапалы есептер.
7. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды Психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі бойынша әдістемелік және ақпараттық материалдар.
8. Жыл бойғы жұмыстың талдамасы.

Нұсқаулықпен таныстырылды _____ қолы, дата

№ ... жалпы білім беру мектебінің дефектолог мұғаліміне лауазымдық нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта және қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (ҚР БҒМ 2009 жылғы шілдедегі қосымшалармен және өзгерістермен №338 бұйрығы), Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға (ҚР БҒМ 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524 бұйрығы) сәйкес әзірленген.

1.2. Дефектолог мұғалім (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) қызметке № ... ОБМ-інің басшысының бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын мамандар санатына жатады.

1.3. Дефектолог мұғалім Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің аясында (ары қарай ППҚ) тікелей инклюзивтік білім беруді үйлестірушіге немесе Қолдау қызметінің басшысына бағынады.

1.4. Дефектолог мұғалім Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қызметкері болып табылады және онда пәнаралық негізде жұмыс істейді.

1.5. Дефектолог мұғалім қызметіне «Дефектология» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар маман тағайындалады.

1.6. Дефектолог мұғалім өз қызметінде мына құжаттарды басшылыққа алады:

- Баланың құқығы туралы концепция;

- ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы;
- ҚР «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау туралы» заңы;
- ҚР «Білім туралы заңы»; ҚР әлеуметтік және инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша заңнамасы;
- № ... ОБМ-інің жарғысы;
- № ... ОБМ-інің ішкі еңбек тәртібінің ережелері; № ... ОБМ-інің басшылығының бұйрықтары мен үкімдері;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік ережелері және өрттен сақтану ережелері мен нормалары;
- осы лауазымдық нұқсаулық;
- еңбек шарты.

1.7. Дефектолог мұғалім төмендегі мәселелерді білуі керек:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- БҰҰ балалар құқығы туралы конвенциясын;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы», Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңдарды және инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік актілерді;
- № ... ОБМ-інің білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін жарғы мен жергілікті актілерді;
- кәсіптік және практикалық әрекеттер мәселелері бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттар;
- арнайы педагогика мен арнайы психологияны;
- дефектологияның анатомиялық-физиологиялық клиникалық негіздерін;
- дамуында мәселелері бар балаларға әр түрлі түзету көмегін көрсету бойынша заманауи әдіс-тәсілдерді;
- баланың зерделік, сенсорлық және жүйкелік-психикалық дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу мен түзетудің әдіс-тәсілдерін;
- зерделік, сенсорлық дамуында ауытқушылықтары бар балалармен жұмыс бойынша бағдарламалық-әдістемелік әдебиетті;
- дефектологиялық ғылым мен практикадағы жаңа жетістіктерді.

1.8. Дефектолог мұғалімнің жалақысы оның білімі мен біліктілік деңгейіне сәйкес есептеледі.

1.9. Дефектолог мұғалім № ... ОБМ-інің басшысының бекіткен 18 сағаттық жұмыс аптасынан құрылатын қалыпты жұмыс күні түзімінде кесте бойынша жұмыс істейді.

2. Қызметтері

Дефектолог мұғалімге төмендегі қызметтер жүктеледі:

2.1. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың зерделік және сенсорлық дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алуға, өтеуге және түзетуге бағытталған түзете дамыту үдерісіне қатысу.

2.2. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың зерделік және сенсорлық дамуының деңгейін, әр түрлі генезді ерекше бұзылыстар мен кемшіліктердің құрылымын анықтау үшін оларды тереңдете тексеру.

2.3. Органикалық мүмкіндіктері бар оқушылармен жұмыста сенсорлық, зерделік, сөйлеу тілдің дамуындағы ауытқушылықтарды жеңу мен бұзылған атқарымды өтеу бойынша апробацияланған түзете дамыту әдістемелерін практикалық пайдалану.

2.4. Балалардың дамуындағы ауытқушылықтар, оқушылардағы зерделік, сенсорлық бұзылыстарды саралай диагностикалау және мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға көмек көрсетудің әдіс-тәсілдері мәселелері бойынша ата-аналарға (олардың орындағы тұлғаларға), педагогтарға әдістемелік көмек көрсету және кеңес беру.

3. Лауазымдық міндеттері

Дефектолог мұғалімнің міндеттері:

3.1. Кәсіптік әрекетін өзінің құзыреттілігінің аясында жүргізу

3.2. Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға психологиялық жайлы және қауіпсіз жағдай тудыруға көмектесу. Түзете білім беру үдерісінде оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтаумен қамтамасыз ету.

3.3. Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды тексеру, олардың дамуындағы ауытқушылықтарының құрылымы мен байқалу айқындығын анықтау, тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау және оларды рұқсат етілетін көлемде ата-аналарына және педагогтарға (оқушылар дамуындағы мәселелерде және оларды жеңуде бағдарлау мақсатында) жеткізу.

3.4. Түзету жұмысының міндеттерін, формасын, тәсілдерін анықтау, бастапқы зерделік немесе сенсорлық бұзылыстардың салдарынан туындауы мүмкін туынды бұзылыстардың алдын алу, оқушылардың дамуындағы жүйкелік-психикалық ауытқушылықтарды жеңу, зерделік және сенсорлық бұзылыстарды барынша түзетуге бағытталған жеке даму бағдарламасы аясындағы түзете дамыту жұмысын жүргізу.

3.5. Балаларды ПМПК-ке, психологиялық, медициналық орталықтарға (қажет болған жағдайда) жіберу.

3.6. Сабақ өткізу үшін мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психофизикалық, сенсорлық және зерделік жағдайын, олардың жас шамасын есепке ала отырып, топтарды жинақтау.

3.7. № ... ОБМ-інде жүргізілетін қолдау үдерісі мен түзете білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің (әкімшілік, педагогтар ұжымы, ата-аналар) және оқушылардың арасында делдал болу.

3.8. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың замануи білім беру кеңістігінде бейімделу жобаларын жүзеге асыру саласындағы № ... ОБМ-інің болжалдық мүмкіндіктерін талдау.

3.9. Болжау, жоспарлау және ұйымдастыру:

- мүмкіндіктері шектеулі балалармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламаларын ресурстық қамсыздандыру;
- педагогтардың арнайы педагогика және психология саласындағы кәсіптік құзыретін жоғарылату бойынша шаралар;
- мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың ата-аналарын түзету жұмысының үдерісі, мазмұны мен табыстылығы туралы хабардар ету;
- оқуда қиындықтары бар балалар туралы ақпаратты жинау және қорландыру;
- оқушылармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасын жүзеге асыруды мониториңілеу жүйесі;
- мектеп практикасындағы инклюзивтік білім беру саласындағы қабылданған шешімдерді орындау.

3.10. Әзірлеу және пайдалану:

- оқушылардың даму бұзылыстарын жеңуге бағытталған түзете дамыту жұмысының апробацияланған және авторлық бағдарламасын, сабақтар циклын;
- мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды кешенді түрде тексеру мен қолдаудың жеке бағдарламаларын;
- мектеп және жанұя жағдайындағы мүмкіндіктері шектеулі оқушылармен жұмыс бойынша педагогтарға, мамандарға және ата-аналарға арналған ұсынымдар.

3.11. № ... ОБМ-інің және жанұялық тәрбиелеу жағдайындағы мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың бұзылыстарын жеңу бойынша түзету жұмысының міндеттері мен ерекшеліктері туралы хабарлау мақсатында білім беру үдерісіне қатысушылармен (педагогтар мен ата-аналар) кеңес беру жұмысын жүргізу.

3.12. Қатысу:

- әдістемелік бірлестіктер мен әдістемелік жұмыстың басқа түрінің әрекеттеріне;
- тәжірибелік-эксперименталдық әрекеттерге;
- Педагогтар кеңесіне, ППҚ қызметінің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ары қарай ПМПК) отырыстарына;
- ата аналар үшін өткізілетін шараларға (жиналыстар, семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер және т.б.).

3.13. Балаларды тексеруге және түзете дамыту жұмыстарын жүргізуге арналған көрнекі құралдар мен материалдар.

3.14. Қажетті құжаттамаларды, аналитикалық-статистикалық есепті (тексеру мен жүргізілген түзету сабақтарының нәтижелерін бейнелейтін, берілген формадағы жылдық есепті құру) қабылданған формада ресімдеу және жүргізу, ПМПК үшін балаларды тексеру және түзету жұмысы нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау.

3.15. Өзінің кәсіптік жұмысын орындағанда № ... ОБМ-інің жарғысын, еңбекті қорғау ережелері мен нормасын сақтау, қауіпсіздік техникасын, санитарлық және өртке қарсы ережелерді, еңбек тәртібін, еңбек тәртібінің ішкі ережелерін орындау.

3.16. Нормативтік құжаттарға сәйкес өзінің кәсіптік біліктілігін арттыру.

4. Құқықтары

Дефектолог мұғалімнің құқығы:

4.1. № ... ОБМ-інің әкімшілігінен өзінің лауазымдық міндеттері мен құқықтарын орындауға, кәсіптік міндеттерін табысты орындауға қажетті жағдай туғызуды; № ... ОБМ-інің директорынан өзінің құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша ақпараттар мен құжаттарды талап ету.

4.2. Оқушылардың зерделік және сенсорлық дамуларының деңгейін, аталған бұзылыстардың ерекшеліктерін анықтауға байланысты оқушыларды тексеру.

4.3. Оқытудың тиімді құралдарын, формалары мен әдістерін таңдау, бағдарламаға өзгерістер ендіру, балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмысы бойынша апробацияланған және авторлық авторлық әдістемелерді әзірлеу және қолдану.

4.5. Қатысу құқығы:

- № ... ОБМ-інің даму стратегиясын, білім беру бағдарламасын, концепциясын әзірлеуге, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бағдарламасын және жоспарлауға;

- сәйкес келетін нормативтік құжаттарды (ППҚ қызметінің атқарымы, құзыреттілігі, міндеттері, жауапкершілігі туралы ережелер) әзірлеуге;

- дефектолог педагогтардың қалалық және облыстық семинарларына, жиналыстарға, ғылыми-әдістемелік конференциялардың жұмысына қатысуға.

4.6. Өзінің жұмысын жинақтай, тексерілген ақпараттарды пайдалана отырып, ғылыми және белгілі ғылыми басылымдарда жариялану.

4.7. Кәсіптік біліктілігін арттыру, өз еркімен сәйкес келетін біліктілік санатқа аттестациядан өтуге және аттестациядан табысты өткен жағдайда оны алу.

5. Жауапкершілігі

5.1. Дефектолог мұғалім мына жұмыстарға жауапты болады:

- тәрбиелеу-оқыту үдерісінде еңбек тәртібін, өнеркәсіптік санитария және өрттен сақтану ережелерін, еңбекті қорғау ережелерін, санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға;

- баланың құқығы мен еркіндігінің бұзылғандығы үшін;

- түзете білім беру үдерісін жүргізу кезінде баланың өмірі мен денсаулығы үшін;

- құжаматтама жүргізу және оны сақтау;

- тексеру кезінде алынған материалдар мен мәліметтердің құпиялылығын сақтау;

- баланы тексеру кезінде (өзінің құзыретінің аясында) негізделмеген тұжырымдама жасау, оның салдарынан баланың дене және психикалық

денсаулығының нашарлауы және әрбір баламен жүргізілетін түзету жұмысы нәтижесінің төмендеуі үшін;

- оқу жоспарына және оқу үдерісінің кестесіне сәйкес түзете білім беру бағдарламасын толық көлемде жүзеге асырылмағаны үшін.

Құжаттама

1. Оқу жылының болжалды жұмыс жоспары
2. Жұмыс уақытының циклограммасы.
3. Дефектолог мұғалімнің әрбір баланы тексеру хаттамасы мен тұжырымдамасы.
4. МШ оқушыларды Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларының көшірмелері.
5. Балалардың түзету сабақтарына қатысуын есепке алу журналы.
6. Оқушылармен жеке-дара және топтық сабақтардың күнделікті жоспары.
7. Жеке-дара және топтық сабақтардың болжалды жоспары.
8. Түзете дамыту жұмысының бағдарламалары мен әдістері, оның ішінде жұмыстың диагностикалық, ағарту, кеңес беру және басқа да түрлері;
9. Балалардың жеке дәптерлері.
10. Ата-аналармен жұмыс жоспары.
11. Жыл бойғы істелген жұмыс туралы есеп.
12. Логопедиялық кабинеттің паспорты.

Нұсқаулықпен таныстырылды _____ қолы, дата

№ ... жалпы білім беру мектебінің логопед мұғаліміне лауазымдық нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта және қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (ҚР БҒМ 2009 жылғы шілдедегі қосымшалармен және өзгерістермен №338 бұйрығы), Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға (ҚР БҒМ 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524 бұйрығы) сәйкес әзірленген.

1.2. Логопед мұғалім қызметке № ... ОБМ-інің басшысының бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын мамандар санатына жатады.

1.3. Логопед мұғалім Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің аясында (ары қарай ППҚ) тікелей инклюзивтік білім беруді үйлестірушіге немесе Қолдау қызметінің басшысына бағынады.

1.4. Логопед мұғалім Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қызметкері болып табылады және онда пәнаралық негізде жұмыс істейді.

1.5. Логопед мұғалім қызметіне «Дефектология» мамандығының «Логопедия» бөлімі бойынша жоғары педагогикалық білімі бар маман тағайындалады.

1.6. Логопед мұғалім өз қызметінде мына құжаттарды басшылыққа алады:

- Баланың құқығы туралы концепция;
- ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы;
- ҚР «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау туралы» заңы;
- ҚР «Білім туралы заңы»; ҚР әлеуметтік және инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша заңнамасы;
- № ... ОБМ-інің жарғысы;
- № ... ОБМ-інің жергілікті нормативтік актілері;
- № ... ОБМ-інің ішкі еңбек тәртібінің ережелері; № ... ОБМ-інің басшылығының бұйрықтары мен үкімдері;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік ережелері және өрттен сақтану ережелері мен нормалары;
- осы лауазымдық нұқсаулық;
- еңбек шарты.

1.7. Логопед мұғалім төмендегі мәселелерді білуі керек:

- ҚР Конституциясын;
- БҰҰ балалар құқығы туралы конвенциясын;
- «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңын;
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңын;
- Қазақстан Республикасының арнайы және инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша заңнаманы;
- № ... ОБМ-інің білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін жарғы мен жергілікті актілерді;
- кәсіптік және практикалық әрекеттер мәселелері бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттар;
- арнайы педагогика мен арнайы психологияны;
- дефектология мен логопедияның анатомиялық-физиологиялық клиникалық негіздерін;
- дамуында мәселелері бар балаларға әр түрлі түзету көмегін көрсету бойынша заманауи әдіс-тәсілдерді;
- баланың сөйлеу тілдік және жүйкелік-психикалық дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу мен түзетудің әдіс-тәсілдерін;
- сөйлеу тілі дамуында ауытқушылықтары бар балалармен жұмыс бойынша бағдарламалық-әдістемелік әдебиетті;
- логопедиялық ғылым мен практикадағы жаңа жетістіктерді.

1.8. Логопед мұғалімнің жалақысы оның білімі мен біліктілік деңгейіне сәйкес есептеледі.

1.9. Логопед мұғалім № ... ОБМ-інің басшысының бекіткен 18 сағаттық жұмыс аптасынан құрылатын қалыпты жұмыс күні түзімінде кесте бойынша жұмыс істейді.

2. Қызметтері

Логопед мұғалімге төмендегі қызметтер жүктеледі:

2.1. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың сөйлеу тілі және психикалық дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алуға, өтеуге және түзетуге бағытталған түзете дамыту үдерісіне қатысу.

2.2. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін, әр түрлі генезді сөйлеу тілдік бұзылыстар мен кемшіліктердің құрылымын анықтау үшін оларды тереңдете тексеру.

2.3. Оқушылармен сөйлеу тілдік дамуындағы ауытқушылықтарды жеңу мен бұзылған атқарымды өтеу бойынша апробацияланған түзете дамыту әдістемелерін практикалық пайдалану.

2.4. Балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың алдын алу және жеңу мақсатында ата-аналарға (олардың орындағы тұлғаларға), педагогтарға және мамандарға әдістемелік көмек көрсету және кеңес беру.

3. Лауазымдық міндеттері

Логопед мұғалімнің міндеттері:

3.1. Кәсіптік әрекетін өзінің құзыреттілігінің аясында жүргізу.

3.2. Оқушыларға психологиялық жайлы және қауіпсіз жағдай тудыруға көмектесу, түзете білім беру үдерісінде оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтаумен қамтамасыз ету.

3.3. Оқушыларды тексеру, олардың дамуындағы ауытқушылықтарының құрылымы мен байқалу айқындығын анықтау, логопедиялық тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау және оларды рұқсат етілетін көлемде ата-аналарына және педагогтарға (оқушылар дамуындағы мәселелерде және оларды жеңуде бағдарлау мақсатында) жеткізу.

3.4. Түзету жұмысының міндеттерін, формасын, тәсілдерін анықтау, бастапқы сөйлеу тілдік бұзылыстардың салдарынан туындауы мүмкін туынды бұзылыстардың алдын алу, оқушылардың дамуындағы жүйкелік-психикалық ауытқушылықтарды жеңу, сөйлеу тілдік бұзылыстарды барынша түзетуге бағытталған жеке даму бағдарламасы аясындағы түзете дамыту жұмысын жүргізу; оқушылардың ары қарай қоғамда бейімделуін қамтамасыз ету.

3.5. Балаларды ПМПК-ке, психологиялық, медициналық орталықтарға (қажет болған жағдайда) жіберу.

3.6. Сабақ өткізу үшін оқушыларды психофизикалық, және сөйлеу тілдік жағдайын есепке ала отырып, топтастыру.

3.7. № ... ОБМ-інде жүргізілетін қолдау үдерісі мен түзете білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің (әкімшілік, педагогтар ұжымы, ата-аналар) және оқушылардың арасында делдал болу.

3.8. Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың замануи білім беру кеңістігінде бейімделу жобаларын жүзеге асыру саласындағы № ... ОБМ-інің болжалдық мүмкіндіктерін талдау.

3.9. Болжау, жоспарлау және ұйымдастыру:

- түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламаларын ресурстық қамсыздандыру;

- түзету жұмысын ұйымдастыру барасында педагогтардың және ата-аналардың кәсіптік құзыретін жоғарылату бойынша шаралар;

- сөйлеу тілдік бұзылыстары бар балалар туралы ақпаратты жинау және қорландыру;

- № ... ОБМ-інің түзету жұмысы бойынша жобалар мен бағдарламаларды табысты жүзеге асыру үшін қажетті ішкі байланыс жүйесін;

- оқушылармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасын жүзеге асыруды мониториілеу жүйесі;

- түзете дамыта оқыту саласында қабылданған шешімдерді орындау;

- оқушыларды ары қарай мектептік және әлеуметтік бейімдеу жұмысын.

3.10. Әзірлеу және пайдалану:

- оқушылардың түзетуге болатын сөйлеу тілінің айтылу, фонематикалық үдерістерінің және лексикалық-грамматикалық бұзылыстарын жоюға бағытталған түзете дамыту жұмысының (апробацияланған және авторлық) бағдарламасын, сабақтар циклын;

- мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды кешенді түрде тексеру мен қолдаудың жеке бағдарламаларын;

- мектеп және жанұя жағдайындағы сөйлеу тілдік бұзылыстары бар оқушылармен жұмыс бойынша педагогтарға, мамандарға және ата-аналарға арналған ұсынымдар.

3.11. № ... ОБМ-інің және жанұялық тәрбиелеу жағдайындағы оқушылардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды жеңу бойынша түзету жұмысының міндеттері мен ерекшеліктері туралы хабарлау мақсатында білім беру үдерісіне қатысушылармен (педагогтар мен ата-аналар) кеңес беру жұмысын жүргізу.

3.12. Қатысу:

- Қолдау қызметін, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жұмысын жоспарлауға;

- әдістемелік бірлестіктер мен әдістемелік жұмыстың басқа түрінің әрекеттеріне;

- Педагогтар кеңесіне, ППҚ қызметінің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ары қарай ПМПк) отырыстарына;

- ата-аналар үшін өткізілетін шараларға (жиналыстар, семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер және т.б.).

3.13. Оқушылардың сөйлеу тілінің құрылымдық компоненттерін тексеруге және логопедиялық түзете дамыту жұмыстарын жүргізуге арналған көрнекі құралдар мен материалдар.

3.14. Қажетті құжаттамаларды, аналитикалық-статистикалық есепті (тексеру мен жүргізілген түзету сабақтарының нәтижелерін бейнелейтін, берілген формадағы жылдық есепті құру) қабылданған формада ресімдеу және жүргізу, ПМПК үшін балаларды логопедиялық тексеру және түзету жұмысы нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау.

3.15. Өзінің кәсіптік жұмысын орындағанда № ... ОБМ-інің жарғысын, еңбекті қорғау ережелері мен нормасын сақтау, қауіпсіздік техникасын, санитарлық және өртке қарсы ережелерді, еңбек тәртібін, еңбек тәртібінің ішкі ережелерін орындау.

3.16. Нормативтік құжаттарға сәйкес өзінің кәсіптік біліктілігін арттыру.

4. Құқықтары

Логопед мұғалімнің құқығы:

4.1. № ... ОБМ-інің әкімшілігінен өзінің лауазымдық міндеттері мен құқықтарын орындауға, кәсіптік міндеттерін табысты орындауға қажетті жағдай туғызуды; № ... ОБМ-інің директорынан өзінің құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша ақпараттар мен құжаттарды талап ету.

4.2. Мектеп атынан диагностикалық және түзете дамыту бағытында жұмыс істейтін тұлғалармен, ұйымдармен іскерлік қатынасқа түсу.

4.3. Балалардың сөйлеу тілдік дамуларының деңгейін, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды анықтауға байланысты оқушыларды тексеру.

4.4. Оқытудың тиімді құралдарын, формалары мен әдістерін таңдау, бағдарламаға өзгерістер ендіру, балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмысы бойынша апробацияланған және авторлық әдістемелерді әзірлеу және қолдану.

4.5. Қатысу құқығы:

- № ... ОБМ-інің даму стратегиясын, білім беру бағдарламасын, концепциясын әзірлеуге, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бағдарламасын әзірлеуге және жоспарлауға;

- сәйкес келетін нормативтік құжаттарды (ППҚ қызметінің атқарымы, құзыреттілігі, міндеттері, жауапкершілігі туралы ережелер) әзірлеуге;

- Жарғымен белгіленген тәртіпте № ... ОБМ-інің басқаруына;

- логопед мұғалімдердің қалалық және облыстық семинарларына, жиналыстарға, ғылыми-әдістемелік конференциялардың жұмысына қатысуға.

4.6. Өзінің жұмысын жинақтай, тексерілген ақпараттарды пайдалана отырып, ғылыми және белгілі ғылыми басылымдарда жариялану.

4.7. Кәсіптік біліктілігін арттыру, өз еркімен сәйкес келетін біліктілік санатқа аттестациядан өтуге және аттестациядан табысты өткен жағдайда оны алу.

5. Жауапкершілігі

5.1. Логопед мұғалім мына жұмыстарға жауапты болады:

- тәрбиелеу-оқыту үдерісінде еңбек тәртібін, өнеркәсіптік санитария және өрттен сақтану ережелерін, еңбекті қорғау ережелерін, санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға;

- баланың құқығы мен еркіндігінің бұзылғандығы үшін;

- түзете білім беру үдерісін жүргізу кезінде баланың өмірі мен денсаулығы үшін;

- өзінің лауазымдық міндеттерін дұрыс орындамағаны немесе орындамағанына байланысты мектепке зиян келтіруіне; логопедиялық кабинетте болған, материалдық жауапты тұлғаның қолхатымен берілген, материалдық құндылық пен мүліктің сақталуына;

- құжаттаманы жүргізу және оны сақтау;

- тексеру кезінде алынған материалдар мен мәліметтердің құпиялылығын сақтау;

- баланы тексеру кезінде (өзінің құзыретінің аясында) негізделмеген тұжырымдама жасау, оның салдарынан баланың дене және психикалық денсаулығының нашарлауы және әрбір баламен жүргізілетін түзету жұмысы нәтижесінің төмендеуі үшін;

- оқу жоспарына және оқу үдерісінің кестесіне сәйкес түзете білім беру бағдарламасын толық көлемде жүзеге асырылмағаны үшін.

Құжаттама

1. Жылдық жұмыс жоспары.
2. Жұмыс уақытының циклограммасы.
3. Логопат балаларды есепке алу журналы.
4. Жеке сөйлеу тілдік карта.
5. Әрбір топқа арналған болжалды жұмыс жоспары.
6. Әрбір топқа арналған күнделікті жұмыс жоспары.
7. Балалардың логопедиялық сабақтарға келуін есепке алатын журнал.
8. Балалардың жеке дәптерлері.
9. Ата-аналармен жұмыс жоспары.
10. Жыл бойғы істелген жұмыс туралы есеп.
11. Логопедиялық кабинет паспорты.

Нұсқаулықпен таныстырылды _____ қолы, дата

Жалпы білім беру мектебінің педагог-психологына лауазымдық нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта және қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (ҚР БҒМ 2009 жылғы шілдедегі қосымшалармен және өзгерістермен №338 бұйрығы), Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға (ҚР БҒМ 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524 бұйрығы), Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет ережелеріне (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 528 бұйрығы) сәйкес әзірленген.

1.2. Педагог-психолог қызметке білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын мамандар санатына жатады.

1.3. Педагог-психолог Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің аясында (ары қарай ППҚ) тікелей инклюзивтік білім беруді үйлестірушіге немесе Қолдау қызметінің басшысына бағынады.

1.4. Педагог-психолог Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басқа қызметкерлерімен пәнаралық негізде өзара әрекеттестікте жұмыс істейді.

1.5. Педагог-психолог өз қызметінде мына құжаттарды басшылыққа алады:

- Баланың құқығы туралы концепция;
- ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы;
- ҚР «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау туралы» заңы;
- ҚР «Білім туралы заңы»;
- ҚР «Неке және отбасы», ҚР білім беру мәселелері бойынша заңнамасы;
- БҰ-ның жарғысы;
- БҰ-ның жергілікті нормативтік актілері;
- БҰ-ның ішкі еңбек тәртібінің ережелері; БҰ-ның басшылығының бұйрықтары мен үкімдері;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік ережелері және өрттен сақтану ережелері мен нормалары;

- осы лауазымдық нұсқаулық;

- еңбек шарты.

1.6. Педагог-психолог төмендегі мәселелерді білуі керек:

- ҚР Конституциясын;
- БҰҰ балалар құқығы туралы конвенциясын;
- «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңын;
- ҚР «Білім туралы» заңы; ҚР білім беру мәселері бойынша заңнамасы;

- БҰ білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін жарғы мен жергілікті актілерді;
- кәсіптік және практикалық әрекеттер мәселелері бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттар;
- жас ерекшелігі педагогикасы мен психологиясын;
- білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына (оқушылар және олардың жанұясы, педагогтар) көрсетілетін психологиялық қолдаудың әр түрлі түрлері бойынша заманауи әдіс-тәсілдерді;
- білім берудің практикалық психологиясының жаңа жетістіктері.

1.7. Педагог-психологтың 36 сағаттық жұмыс аптасындағы жұмыс уақытының түзімі төменде берілгендерді есепке ала отырып, білім беру ұйымның ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен реттеледі: білім беру үдерісінің қатысушыларымен оның жұмыс уақытының апталық ұзақтығының жартысынан аз болмайтын көлемде жеке және топтық сабақаттық жұмысын орындайды. Қалған жүктеме жеке және топтық сабақаттық жұмысқа дайындық, алынған нәтижелерді өңдеу, талдау және жинақтау, есептік құжаттарды толтыру, сондай-ақ өзінің біліктілігін тікелей білім беру ұйымында да, сондай-ақ одан тыс жерлерде де арттыру түрінде болады.

2. Қызметтері

2.1. Педагог-психологқа төмендегі қызметтер жүктеледі:

- мектеп оқушыларын психодиагностикалау жұмысын жүргізу;
- психопрофилактикалық шараларды жүргізу;
- оқушылармен түзете дамыту жұмысын жүргізу;
- мектеп педагогтарымен, оқушылардың ата-аналарымен психологиялық сабақаттандыру және психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізеді;
- ұйымдық-әдістемелік жұмыстарды (мектептің ӘБ, ПМП консилиумының жұмысына қатысу, диагностикалау, түзету және дамыту бағдарламаларын әзірлеу, біліктілігін арттыру) жүзеге асыру;
- психологиялық-педагогикалық мониторингілеуді жүзеге асыру.

3.Лауазымдық міндеттері

Педагог-психологтың міндеттері:

3.1. Кәсіптік әрекетін өзінің құзыреттілігінің аясында жүргізу.

3.2. Кәсіптік мәселелер балалардың мүддесін қорғай, олардың толық құнды психикалық даму міндеттеріне сәйкес шешу.

3.3. Кәсіптік құпияны сақтау, құпиялылық талаптарын сақтау.

3.4. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен қамтамасыз ету. Тұлға үшін психологиялық жайлы және қауіпсіз орта құруға, мектептегі оқу-білім беру үдерісі кезіндегі гуманистік, өнегелі қарым-қатынастың орнауына көмектесу.

3.5. Диагностикалаудың, дамыту, психопрофилактикалық және психотүзету жұмыстарының сенімді, ғылыми негізді тәсілдерін қолдану.

3.6. Даму мүмкіндіктері шектеулі және мектептік бейімделмеу «көтер тобының» баларын анықтау бойынша жұмыс жүргізу.

3.7. Диагностикалық тексеру нәтижелері бойынша оқушылармен жүретін түзете дамыту жұмысының мазмұнын анықтау және оқудың барлық кезеңі бойы жеке тәсілдемемен қамтамасыз ету үшін психологиялық тұжырымдама жасау.

3.8. Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға білім берудің жеке бағдарламалары мен дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.

3.9. Баланың мүмкіндігі мен қажеттілігіне (эмоциялық тұлғалық аясының дамуы және оның кемшіліктерін түзету, танымдық әрекетін дамыту және жоғары психикалық атқарымдарын қалыптастыру, әрекеттенуін және тәртібін, коммуникативтік дағдыларын ерікті реттеуді қалыптастыру) сәйкес психологиялық тұжырымдаманың негізінде жекеше және топтық түзімдегі түзете дамыту жұмысын жүзеге асыру.

3.10. Педагогтар мен ата-аналардың психологиялық мәдениеттілігін қалыптастыру.

3.11. Психологиялық жайлылықпен қамтамасыз ету, педагогтардың оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістемелерін ендіру кезінде балалардың жеке және жас шамасының ерекшеліктерін есепке алу.

3.12. Мектеп және жанұя жағдайындағы оқушының тұлғасының психологиялық даму ерекшеліктері мен міндеттері бойынша педагогтармен, мамандармен, ата-аналармен және білім беру ұйымдарымен серіктестікке тартылған тұлғалармен сабақаттылық жұмысын жүргізу.

3.13. Қатысу:

- қаладағы педагогтар-психологтардың әдістемелік бірлестіктерінің жұмыстарына және басқа түрдегі әдістемелік жұмыстарға;

- Педагогикалық кеңестердің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум отырысына.

3.14. Психологиялық диагностикалау, түзете дамыту жұмыстарын жүргізуге арналған көрнекі құралдар мен материалдардың болуы.

3.15. Жұмыстардың барлық түрін тіркеу және қажетті құжаттамаларды қабылданған формада ресімдеу және жүргізу, оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін тексеру нәтижелерін бейнелейтін, қабылданған нобай бойынша жылдық аналитикалық-статистикалық есеп беру.

3.16. Өзінің кәсіптік біліктілігін үнемі арттыру.

4. Құқықтары

Педагог-психологтың құқығы:

4.1. Білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмысының бағытын анықтау, жұмыстың түрі мен тәсілін таңдау, жұмыстың әр түрлі түрлерін өткізудің кезегі туралы мәселені шешу, белгілі бір кезең үшін жұмыстың басымдылығы жоғары бағытын ерекшелеу.

4.2. Ведомстводан тыс мекемелерге бекітілген форма бойынша сауалдар жіберу, қажетті құжаттамалармен танысу.

Мектеп атынан диагностикалық және түзете дамыту бағытында жұмыс істейтін тұлғалармен, ұйымдармен іскерлік қатынасқа түсу.

4.3. Балалардың сөйлеу тілдік дамуларының деңгейін, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды анықтауға байланысты оқушыларды тексеру.

4.4. Оқытудың тиімді құралдарын, формалары мен әдістерін таңдау, бағдарламаға өзгерістер ендіру, балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмысы бойынша апробацияланған және авторлық авторлық әдістемелерді әзірлеу және қолдану.

4.5. Қатысу құқығы:

- № ... ОБМ-інің даму стратегиясын, білім беру бағдарламасын, концепциясын әзірлеуге, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бағдарламасын әзірлеуге және жоспарлауға;

- сәйкес келетін нормативтік құжаттарды (ППҚ қызметінің атқарымы, құзыреттілігі, міндеттері, жауапкершілігі туралы ережелер) әзірлеуге;

- Жарғымен белгіленген тәртіпте № ... ОБМ-інің басқаруына;

- логопед мұғалімдердің қалалық және облыстық семинарларына, жиналыстарға, ғылыми-әдістемелік конференциялардың жұмысына қатысуға.

4.6. Өзінің жұмысын жинақтай, тексерілген ақпараттарды пайдалана отырып, ғылыми және белгілі ғылыми басылымдарда жариялану.

4.7. Кәсіптік біліктілігін арттыру, өз еркімен сәйкес келетін біліктілік санатқа аттестациядан өтуге және аттестациядан табысты өткен жағдайда оны алу.

4.8. Қатысу құқығы:

- мектептің даму стратегиясын, білім беру бағдарламасын, концепциясын әзірлеу, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бағдарламасын әзірлеу және жоспарлау;

- жергілікті нормативтік құжаттарды) әзірлеу;

- педагог-психологтардың қалалық және облыстық семинарларына, жиналыстарға, ғылыми-әдістемелік конференциялардың жұмысына қатысу.

4.9. Өзінің жұмысын жинақтай, тексерілген ақпараттарды пайдалана отырып, ғылыми және белгілі ғылыми басылымдарда жариялану.

4.10. Кәсіптік біліктілігін арттыру, өз еркімен сәйкес келетін біліктілік санатқа аттестациядан өтуге және аттестациядан табысты өткен жағдайда оны алу.

5. Жауапкершілігі

Педагог-психолог мына жұмыстарға жауапты болады:

5.1. Педагог-психолог ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес мектептің Жарғысы мен ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, мектеп директоры мен ППҚ жетекшісінің заңды өкімдерін және басқа да лауазымдылық нұсқаулықта бекітілген нормативтік актілерді, лауазымдылық міндеттемелерді

дәлелді себепсіз орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

5.2. Педагог-психолог заңнамада бекітілген тәртіпте балалардың өмірі, денсаулығы және психологиялық жұмыс түрін жүргізген кезде олардың құқықтары мен еріктерің бұзылғандықтары үшін жауапты болады, сондай-ақ:

- құпия ақпараттарды таратпауға;

- психологиялық диагноздың дұрыстығына, пайдаланылатын диагностикалық және түзету тәсілдерінің сәйкестілігіне, психологиялық ұсынымдардың негізділігіне;

- баланы тексеру кезінде (өзінің құзыретінің аясында) негізделмеген тұжырымдама жасау, оның салдарынан баланың дене және психикалық денсаулығының нашарлауы және әрбір баламен жүргізілетін түзету жұмысы нәтижесінің төмендеуі үшін;

- тексеру хаттамаларын және құпия ақпаратты құжаттарды сақтау, оларды белгіленген тәртіпте ресімдеу.

Педагог-психологтың құжаттамасы

1. Жылдық жұмыс жоспары.
2. Әрекеттің циклограммасы.
3. Оқушыны психологиялық тексеру хаттамасы, тұжырымдама, ұсыным.
4. Оқушылардың психикалық дамуының жеке картасы.
5. Оқушыны консилиумға жіберу ұсынымы.
6. Балалармен шағын топтық және жекеше сабақтардың болжалдық және сабақ жоспары.
7. Психодиагностикалық әдістемелердің тізімі мен қоры.
8. Психологиялық тренингілер, дамыту және түзету жұмыстарының бағдарламалары.
9. Оқушылардың сабаққа келуін есепке алу журналы.
10. Жүргізілген жұмысты есепке алу журналы.
11. Аналитикалық жылдық есеп.
12. Психолог кабинеттің паспорты.

Нұсқаулықпен таныстырылды _____ қолы, дата

Жалпы білім беру мектебінің әлеуметтік педагогына лауазымдық нұсқаулық

2. Жалпы ережелер

1.1. Осы лауазымдық нұсқаулық ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, жалпы орта және қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің лауазымдарының

үлгілік біліктілік сипаттамаларына (ҚР БҒМ 2009 жылғы шілдедегі қосымшалармен және өзгерістермен №338 бұйрығы), Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға (ҚР БҒМ 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 524 бұйрығы) сәйкес әзірленген.

1.2. Әлеуметтік педагог қызметке мектеп директорының бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын мамандар санатына жатады.

1.3. Әлеуметтік педагог Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің аясында (ары қарай ППҚ) тікелей инклюзивтік білім беруді үйлестірушіге немесе Қолдау қызметінің басшысына бағынады.

1.4. Әлеуметтік педагог Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қызметкері болып табылады және онда пәнаралық негізде жұмыс істейді.

1.5. Әлеуметтік педагог қызметіне «Әлеуметтік педагогика» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білімі бар немесе мамандығы бойынша қайта даярлықтан өткен маман тағайындалады.

1.6. Әлеуметтік педагог өз қызметінде мына құжаттарды басшылыққа алады:

- Баланың құқығы туралы концепция;
- ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы;
- ҚР «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау туралы» заңы;
- ҚР «Білім туралы заңы»; ҚР әлеуметтік және инклюзивтік білім беру мәселелері бойынша заңнамасы;
- мектептің жарғысы;
- мектептің жергілікті нормативтік актілері;
- мектептің ішкі еңбек тәртібінің ережелері; мектеп директорының бұйрықтары мен өкімдері;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік ережелері және өрттен сақтану ережелері мен нормалары;
- осы лауазымдық нұқсаулық;
- еңбек шарты.

1.7. Әлеуметтік педагог төмендегі мәселелерді білуі керек:

- ҚР Конституциясын;
- ҚР «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы» заңдарын, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңын, «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңын және білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерін;
- жеке тұлғаның дамуының негізгі заңдылықтарын;
- педагогика, психология, жас ерекшелігі физиологиясы, мектептік гигиена негіздерін;
- педагогикалық этиканы, жеке тұлғаны және оның микро ортасын диагностикалау әдістемесі мен технологиясын;

- жанұямен, тұрғындардың әр түрлі топтарымен және санаттарымен, жүргізілетін әлеуметтік жұмыстың түрлері мен әдістерін; білім беру және педагогикалық ғылымның негізгі бағыттары мен даму болашақтарын; еңбек туралы заңнама негіздерін;

- әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды талдау және бағдарламалау дағдыларын;

- балаларға әлеуметтік қолдаудың әр түрлі түрлерін көрсетудің заманауи әдіс-тәсілдерін;

- әлеуметтік педагогика мен практикадағы жаңа жетістіктерді.

1.8. Әлеуметтік педагогтың жалақысы оның білімі мен біліктілік деңгейіне сәйкес есептеледі.

1.9. Әлеуметтік педагог мектеп директорының бекіткен 36, сағаттық жұмыс аптасынан құрылатын қалыпты жұмыс күні түзімінде кесте бойынша жұмыс істейді.

2. Қызметтері

Әлеуметтік педагогқа төмендегі қызметтер жүктеледі:

2.1. Оқушыларды табысты әлеуметтендіруге (бейімделмеу құбылысының алдын алу) көмектесетін, әлеуметтік білімді, икемділікті, дағдыларды, тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру.

2.2. Тәрбиеленушілерге әлеуметтік көмек шараларын жүзеге асыру, олардың БҰҰ баланың құқығы туралы конвенциясына сәйкес толық құнды даму мен білім алуға деген құқықтарын қорғау.

2.3. Оқушылардың әлеуметтік дамуындағы бұзылыстарды анықтау және оларға нақты өмірлік жағдайда дер кезінде әлеуметтік көмек көрсету мақсатында апробацияланған әдістемелерді практикада пайдалану.

2.4. Мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, оқу орындарымен, әлеуметтік қорғау органдарымен, сонымен бірге оқушылардың мүдделерін білдіру, қорғау қажет болатын басқа да құрылымдармен серіктестік орнату.

2.5. Оқушылардың әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ата-аналарға (олардың орнындағы тұлғаларға), педагогтар мен мамандарға сабағаттық көмек көрсету.

3. Лауазымдық міндеттері

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

3.1. Кәсіптік әрекетін өзінің құзыреттілігінің аясында жүргізу, ППҚ қызметінің жұмысын жоспарлауға, психологиялық-медициналық-педагогикалық коонсилиум, білім беру ұйымдарының профилактика кеңесінің жұмыстарына қатысу.

